| | Жаңбырын сіркіреп,<br>Шақырады біздерді. Келгенің қызық-ау.<br>*Мақсаты:* Табиғаттағы өзгерістерді бақылауға үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы,күзгі өзгерістерді ажырата білуі.<br>*Қимылды ойын:* **«Егінді тасымалдау»**<br>Мақсаты: Дабыл бойынша арбамен «егін» тасу, бір шеттен, екінші шетке тасу. Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.<br>*Еңбек:* **Гүлзарда жұмыс.**<br>Мақсаты: Гүлдерді гүл ыдысына<br>отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>*Өз бетімен ойындар:* **«Құмда сурет салу»**<br>Балаларды құмда сурет салуға үйрету. Атқарған жұмыстарын атап, мадақтап өту. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br><br>**Ұлттық ойын** :<br>«Соқыр теке»<br>Ойын шарты: Бір баланың көзі байланып қойылады.<br>Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ<br>Қайда кеткен құлыншақ<br>Соқыртеке бақ-бақ<br>Мені ізден тап-тап<br>Деп тақпақтайды.<br>Содан кейін Соқыр теке (баланың көзі байлаулы) | киім киеді.<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>**Жұмбақ**<br>Ақ мақта,<br>Жүзіп барады бір жаққа.<br>(Бұлттар)<br>**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>*Қимылды ойын:* **«Күн шуағы мен жаңбыр»**<br>**Міндеті:** Дабыл соғылғанша өз орындарын табу: «Жаңбыр жауып тұр», «Күн нұрын шашып тұр»; алаң бойынша қозғалыс, бір – біріне кедергі жасамау, ойын ережесін сақтау.<br>**Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>**Еңбек: «Гүлдердің тұқымдарын жинау»**<br>**Міедеті:** Гүлдердің тұқымдарын жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары** | Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту.<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Қимылды ойын: «Ұшақтар»**<br>**Міндеті**: Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды бекіту.<br>Көтеріңкі, көңіл күйде болуға баулу.<br>**Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>***Еңбек:* Құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру**<br>**Міндеті:** Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауға үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары**<br><br>**Ұлттық ойын:** «Сақина жасыру»<br>**Ойын шарты:**Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал | көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу.<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>**Жұмбақ**<br>Көзі жасты –жылжып, келе жатыр бір алып,<br>Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт)<br>**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)**<br>**Ойын шарты:**Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір баланы қалдырады.Соқыр теке сол болады.Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді.Ал соқыр теке сол адамды ұстап алып, тануға тиісі.<br>**“Адал азамат”**<br>**Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>***Еңбек:* Гүл шоқтарынан букет жасау.**<br>**Міндеті:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары** | қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.<br>*Тәжірибе.* Желге қарсы жүгіру.<br>*Қорытынды.* Желге қарсы жүгіру қиын.<br>*Қимылды ойын*<br>*:* **«Желбезекпен жүгіру»**<br>Мақсаты: Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру.<br>*Еңбек:* **Тәрбиешіге көмек.**<br>Мақсаты: Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу.<br><br>**Ұлттық ойын**: «**Ақсерек – көксерек»**<br>Ойын шарты: Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді,қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.**,**ойын ережесін түсініп ойнауын және ойын ережесінің бұзылмауын ескеру.<br>**Ойынның барысы**: 1-ші топ. Ойынды бастайды:<br>Ақсерек-ау ақ серек<br>Бізден сізге кім керек.<br>2-ші топ. Ақсерек –ау ақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>Көрнекі құралдар: Орамал<br>**"Адал азамат"**<br>**Өнегелі 15 минут** | | білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.<br>Көрнекі құралдар: Сақина<br>**"Адал азамат"** | | серек<br>Сізден бізге (бала аты) керек<br>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады,өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді<br>**"Адал азамат"**<br>**Өнегелі 15 минут** |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**<br>**«Суды,тамақты,энергияны үнемді тұтыну»-табиғы ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, әзірлеу. Мақал:**Судың да сұрауы бар.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру Өнегелі 15 минут** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар) | Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру<br>Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру **құрастыру** | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар<br>**мүсіндеу** | **Вариативтік компонент: «Табиғатты аялайық»**<br>**Тақырыбы: «Ауа»**<br>**Міндеті:** Ауаның сапасы, құрамы, айналу түрлері туралы түсінік беру. Тәжірибе арқылы балалардың табиғаттағы өзгерістеріне қызығушылығын ояту.<br>Тәжірибеге керекті құралдар, түтікше, майшам, стакан | Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу<br>**қоршаған әлеммен таныстыру, музыка** | Жәрмеңкені ата аналар үшін дайындау. Балалардың әсерлері туралы әңгімелесу<br>**қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру** |
| Балалармен жеке жұмыс | **Ердоған .** Тұрған орнында қос аяқпен алға қарай жылжып, биіктен және ұзындыққа секіреді.Тік нысанға заттарды лақтырады<br>**(Физикалық қасиеттері)** | **Айсая**<br>ересектердің сөзін тыңдайды<br>және түсінеді:<br>**(Коммуникативтік дағдылары)** | **Сағым** ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді,ішінара атайды<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдылары)** | **Нұрай** заттар мен бұйымдарды<br>өз бетінше мүсіндей алады<br>**(Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетінің дамыу)** | **Ердоған** тұратын қаласы мен ауылы<br>туралы түсініктері бар**.**<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналармен балаларды ауа-райына байланысты киіндірудің қажеттілігі туралы әңгімелесу | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. | Ата-анамен бала тілін дамыту мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңестер мен ұсыныстар беру | Ата-аналардан балаларды ертеңгілік жаттығудан кешіктірмей әкелуін талап ету. | Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Құндылық – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

***Аптаның дәйек сөзі: «Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»***

**Мектепке дейінгі ұйым «Көбелек»**
**Топ «Айналайын»**
**Балалардың жасы 4 жас**
**Балалардың жасы 4 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі*** **15 - 19 қыркүйек 2025 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **«Менің Қазақстаным»** Әнұран айту.<br>**Күй күмбірі**<br>Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру<br>**"Адал азамат"** | **Күй күмбірі**<br>Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге,құрметтеуге ,қызығушылығын арттыру<br>**"Адал азамат"** | **Күй күмбірі**<br>Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге,құрметтеуге ,қызығушылығын арттыру<br>**"Адал азамат"** | **Күй күмбірі**<br>Музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру<br>**"Адал азамат"** | **Күй күмбірі**<br>Балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс-әрекет дағдыларын дамыту<br>**"Адал азамат"** |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану. | Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну. |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар) | «Жұбын тап» ойыны<br>Міндеті: Балалардың алдына екі бөлікке бөлінген жұмыртқаларды беріп, түстерін тауып сәйкестендіруге үйрету.<br>**Математика негіздер** | «Көңілді көліктер»<br>Көліктің дөңгелегін орналастыру.<br>(ұсақ қол моторикасына арналған ойындар)<br>Қимылды ойын: «Жемістерді тер»<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** | «Өз үйін тап» ойыны<br>Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.<br>**Математика негіздері** | «Бауырсақ» ертегісі<br>Міндеті: Балалардың кітапқа деген қызығушылығын ояту.<br>Атрибутпен ертегіні айтып беру.<br>**Көркем әдебиет** | **«ТОПТАҒЫ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»**<br>Міндеттері: • Балаларды тәрбие процесі кезінде мінез-құлықтың негізгі ережелерімен таныстыру. • Осы ережелерді сақтаудың маңыздылығын түсіндіріңіз. • Рольдік ойындар арқылы мінез-құлық ережелерін бекіту. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Тәрбиеленушілермен амандасу. Топтағы ережелер не үшін қажет екенін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | түсіндіру. Ережелерді сақтау топты барлығына жағымды және қауіпсіз етуге қалай көмектесетіні туралы қысқаша талқылау. Топтағы тәртіп ережелерімен таныстыру: **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі** |
| Ертеңгілік жаттығу | **Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені № 3 ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Апта дәйек сөзі:**Кел балалар оқылық, оқығанда көңілге.Ықыласпен тоқылық!<br>**Көркем әдебиет** | Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша біріздiлiгiн ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>**Жапсыру** | 1.Бір қоянда неше құлағы бар? 2. Екі аюда неше бас бар?<br>3.Төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар.<br>4.Ол қай пішін балалар? (төртбұрыш).<br>**Математика негіздері** | Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** | Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр»<br>Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.<br>**Құрастыру** |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Дене тәрбиесі (таза ауада)« «Ойна көңіл көтер»**<br>**Міндеттері: Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау,сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу.<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;<br>**Секіру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері: Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау,сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу.<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;<br>**Секіру.** | **Музыка**<br>Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұнды, қайлығы). Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемелдеумен және есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>**Ән тыңдау:**<br>**«**Балалығым балғын шағым» (муз. Е. Ташев, Т. Қажыбаев)<br>**Ән салу**:«Алтын күз» Б. Бейсенова.<br>**Әуенді-музыкалық қимылды ойын: «Жемістер мен көкөністер»**<br>**Шарты:**Музыка әуенінің | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері: Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау,сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу.<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; | **«Менің ойыншығым»**<br>**Міндеттері:** Педагогтің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу біліктерін жетілдіру.Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгертуге баулу; еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>**Күтпеген сәт:** Ұлттық көйлек киген қуыршақ келеді. Балалар қонақпен сәлемдесіп, қызығушылық білдіреді.<br>**Негізгі кезең**<br>Педагог балалардан қуыршаққа бірлесіп, есімін қоюға ұсыныс тастайды. Мысалы: Сұлушаш, Камшат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру.<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу.**<br>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.<br>Сапқа тұру, сап түзеу. бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару.<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. қылы орындау.<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Велосипед тебу.<br>Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** | Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру.<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу.**<br>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.<br>Сапқа тұру, сап түзеу. бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару.<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. қылы орындау.<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Велосипед тебу.<br>Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар.** | ауысымына қарай Жемістер мен көкөністердің бетпердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді.<br>Музыка тоқтағанда жемістер мен көкөністер екіге бөлініп тұра қалады.<br><br>**Математика негіздері: «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы»**<br>**Міндеттері:** Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу; Заттарды санау қабілетін күшейту; Заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруды жалғастырамыз, осы сөздерді сөйлеу барысында қолданамыз; Заттардың ұқсас белгілерін (көлемі) тауып, оларды сол белгілеріне қарай топтастыруды үйретеміз; Геометриялық пішін – шаршы туралы түсінікті нығайту; зейіндерін дамыту;<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>– Балалар, үстелдің үстінде геометриялық пішіндер жатыр. Олардың арасынан шаршыны тауып, маған сол туралы айтып беріңдерші?<br>**Негізгі кезең**<br>**Тапсырмаларды орындау**<br>1-тапсырма. Педагог балаларға суретті мұқият қарап шығып, төмендегі | **Секіру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру.<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу.**<br>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.<br>Сапқа тұру, сап түзеу. бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару.<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. қылы орындау.<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою<br>**Спорттық жаттығулар.**<br>Велосипед тебу. | т.б. Қонаққа келген Сұлушаш қуыршақты дәстүр бойынша жоғары төрге шығару. Сұлушаштың киген көйлегі ұзын, ақ түсті, бүрмелі, әдемі, шашы қос бұрымды, ұзын, көздері дөңгелек, қарақаттай, басына киген бөркі туралы балалармен бірге әңгімелеу. Бөріктің төбесінде үлпілдеп тұрған үкісіне тоқталу. Оны үкі құсының қауырсынынан алынғанын және оның ерекшелігін айту.<br>**Дидактикалық ойын: «Өз орнына орналастыр»**<br>**Міндеті:** Балаларды суретке қарап, әңгімелей білуге үйрету.<br>Ойын шарты: үкі туралы әңгімелейді және үкі қауырсынын керекті затқа орналастырады.<br>Мысалы. Үкі – орман құсы. Оның жүні үлпілдек. т.б. Үнтаспадан үкі дыбысын тыңдатып, үкі дыбысын қайталап салуды ұсынады (кук-кук-кук)<br>**Сергіту жаттығуы** «Қуыршақ» өлеңі Сөйлемейсің сен неге,<br>Тілің жоқ па, қуыршақ?<br>Жуынбайсың сен неге,<br>Кірің жоқ па, қуыршақ?<br>Аяғың бар ма, сен неге,<br>Жүре алмайсың, қуыршақ?<br>Жұмсағанда сен неге,<br>Тіл алмайсың, қуыршақ?<br>Біз күлгенде күлмейсің,<br>Аңқаусың ба, қуыршақ?<br>Бізбен бірге жүрмейсің, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>**Шеңберге тұруға шақыру** «1, 2, 3 – аяғыңның ұшына қара!<br>4, 5 – басыңды жоғары көтер!<br>1, 2, 3 – досыңа қарай бұрыл,<br>4 – қолдарыңды екі жаққа созыңдар,<br>5 – досыңның арқасынан қақ!»<br>**Негізгі кезең**<br>Көздің көру қабілетінің | Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік **Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** | сұрақтарға жауап беруді сұрайды:<br>–Сәбіз қанша?<br>–Шие нешеу?<br>–Шалқан нешеу?<br>–Алмұрт нешеу? Мынадай тапсырма беріледі:<br>Дөңгелегі бар карточкалар мен заттар бейнеленген карточкаларды саны бірдей болатындай сызық арқылы қосыңдар.<br>2-тапсырма. Педагог балалармен бірге суретпен танысады және сұрақ қояды:<br>–Тәрелкелердің көлемі қандай?<br>–Алмалардың көлемі қандай?<br>Тапсырма: әр алманы өзінің тәрелкесіне сал, ол үшін көлемі жағынан бірдей алмалар мен тәрелкелерді бір-біріне сызық арқылы қосыңдар.<br>**Сергіту сәті. «Күшік»**<br>Мен – күшік, саққұлақ,<br>Ойнаймын шапқылап.<br>Серікпін қашан да Малшыға, шопанға.<br>3-тапсырма бойынша геометриялық пішіндерді зерттеу.<br>Педагог балаларға тақпақ оқып береді:<br>Ал, балақай, қарашы,<br>Мынау – біздің шаршы.<br>Теңестірген төрт қабырғасын.<br>Бар оның төрт бұрышы.<br>– Шаршының қанша | Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, Дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік **Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше | Жалқаусың ба, қуыршақ?<br>(Р. Тышқанбаев)<br>Даусын айнытпай сал:<br>Құлыншақтан қуыршақ,<br>Шауып жүріп құлады.<br>Салшы даусын, қуыршақ,<br>Сонда қалай жылады?<br>(Жылаған дыбысты келтіреді).<br>Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. **(сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>Сол ойыншықтардың суретін салу,жапсыру **(сурет салу,жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұзылуының алдын алуға және көз бұлшық еттерінің жұмысын жандандыруға арналған жаттығулар. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орманға барғанда»**<br>**Шарты:** Залдың бір шетіне аюдың апанының суреті салынады. Екінші жағына балалар тұратын үйдің сұлбасы салынады. Санамақтың көмегімен апанда отыратын аюды сайлап алады. Сөздер айтылып болғаннан кейін аю «ақырады» және үйге қарай шашырай қашқан балаларды қуалайды. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар»**<br>**Шарты:** Алдымен қасқырдың рөлін сомдайтын ойыншыны таңдап алады. Қалған балалар лақтардың рөлін атқарады.<br>**(Дене тәрбиесі)** Дыбыстардың көмегімен орындалатын тыныс алу жаттығулары. «Ашулы кірпі» (пф-фр деген дыбыстар шығарады) Жаттығулар бұлшық еттердің босауына, жүйке жүйесінің тұрақтануына ықпал етеді.<br>**(қазақ тілі)**<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығуы:**<br>**Ұлттық ойын:** « Дауысынан айыра біл!»<br>**Ойын шарты:**Ойнаушылар алқа-қотан отырады. Ортаға көзі байланған бастаушы шығарылады. Ол ойыншылар білетін бір өлеңді бастап, бір шумағын айтады. Отырған балалардың біреуі екінші шумақты айтып, өлеңді әрі қарай жалғастырады. Өлең | Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру<br>**«Түрлі түсті кегелдер»**<br>**Міндеттері:** Өкшемен отырып, бір-біріне допты домалату, көзбен өлшеу, доптың бағытын сақтау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап және бір аяқтап секіруді жалғастыру, секірген кезде тізесін аздап бүгіп, аяқтарын бірге және бөлек қою қабілетін нығайту. Залда әртүрлі бағытта жүріп жаттығу, оң және сол жақтағы заттарды айналып өту қабілетін жетілдіру.<br>**Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»**<br>**Ойын шарты:**<br>Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң | бұрышы, қанша қабырғасы бар екенін тексерейік.<br>– Балалар, тақпақта қандай геометриялық пішін туралы айтылған? Оның басқа пішіндерден қандай ерекшелігі бар?<br>–Суретте қандай пішіндер берілген. Олардың ішінде неше шаршы бар?<br>–Шаршылардың көлемі қандай?<br>4-тапсырма. Педагог балалардың жоғарыдағы орындық пен төменгі орындықта отырған аңдарды мұқият қарап шығуын өтінеді. –Жоғарыдағы орындықта неше аң отыр?<br>–Оларды атап беріңдерші? – Ал енді, балалар, жоғарыдағы орындық пен төмендегі орындықта отырған аңдарды сан жағынан салыстырыңдар. Қайсы аң кетіп қалды?<br>–Қанша аң кетіп қалған болса, сонша дөңгелекті бояңдар.<br>**Жұмбақ шешу**<br>Бейқам жатқан ел іздейді,<br>Малдан күдер үзбейді.<br>Қорадағы қойға шабады,<br>Кәне, жауабын кім табады?<br>(Қасқыр)<br>Жаңғақ толы орманда,<br>Күндіз тамақ айырып.<br>Жатады кеш болғанда, Өз құйрығын жамылып. Бұл не?<br>(Тиін) | киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Балаларды серуендеп, көгалда демалу үшін орманға шақырады. Слайдтарды көрсету (орман).<br>**Негізгі кезең**<br>**Ойын түріндегі жаттығу: «Жапырақты тап»**<br>Билингвалды компонент: жапырақты тап – найди листок Күзгі жапырақтардан гүлшоғын жасау. **Жаттығу: «Күз»** Дене сымбатын қадағалау.<br>**Негізгі іс-қимылдарды орындау:**<br>1.«Өкшеге отырып» бір-біріне допты домалату, қашықтығы – 2 метр. Қозғалысты естеріне салу (допты екпінмен итеру қажеттігіне назар аудартады).<br>2.Төрт аяқтап еңбектеу (қашықтық – 6 метр). Тіке бағытта қозғалады, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіру қажет.<br>**Ойын ұйымдастыру: «Қасқыр мен қояндар»**<br>**Шарты:** рөлдерге бөлініп | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқталғаннан кейін бастаушы кімнің өлең айтқанын дауысынан айыра білуі керек. Егер ол дәл тапса, онда екінші шумақты айтқан бала бастаушы болады. Өлеңді кім айтқанын бастаушыға сездірмей келісіп алу керек.<br>**“Адал азамат”**<br>**(математика негіздері)**<br>«Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды.<br>**(құрастыру)**<br>Ойыншық жасау үшін қажетті заттар тізімін дайындау.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>Ол ойыншықпен қалай ойнауға болатынын әңгімелеу.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Ойыншық туңралы тақпақ жаттау. **(қазақ тілі)**<br>Ол ойыншықтың қандай болып шығатынын ойланып суретін салу. **(сурет салу)**<br><br><br>**Музыка**<br>Балаларға шығарманы тыңдату арқылы, шыгарманың қалай /жылдам,ақырын, қатты/ орындалып жатқанына көңіл бөлуге қалыптастыру; би ырғақтарын үйрету.<br>**Ән тыңдау:** Ән: «Балабақша» Д.Байтілеуов<br>**Ән салу**:«Ана тілім»<br>**Қимылды ойын:** | бақыланады.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеттері: Тілдік дамытушы орта**<br>Айналасындағы өзін қоршағанортадан тыс заттармен құбылыстар,оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді жіктеп,тәуелдеп,септеп қолдана білуге үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен | Ұ. Есдәулетовтың «Тәй-тәй қуыршақ» өлеңін жаттау.<br>**(Дене тәрбиесі,көркем әдебиет)**<br>Ойыншықтар жәрмеңкесі. Балалардың жасаған ойыншықтарын басқа топтың балаларына тамашалату. Қонақтарға музыкалық ойыншықтарды пайдаланып концерт ұйымдастыру. **(музыка)**<br>Дидактикалық ойын: «Өз орнына орналастыр»<br>Мақсаты: Балаларды суретке қарап, әңгімелей білуге үйрету.**(сөйлеуді дамыту)** | ойнау.<br>Музыканың ырғағымен жапырақтың сыбдырын салу.<br>**(Дене тәрбиесі,сурет салу)**<br>**Дидакатикалық ойын «Ойыншық неден жасалған»**<br>Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру санау,жұптастыру<br>«Бестемше» ойын құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу азайту амалдарын үйрету.<br>**(математика негіздері)**<br>«Асық» ойыны<br>**(дене белсенділігі,мате матика)**<br>Орамалдан бөпе жасау.<br>**(құрастыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Ырғақтар»**<br>**Шарты:** Әр түрлі музыка қойылады.  Музыканың орындалуына байланысты балалар әртүрлі ырғақтар жасайды. | шағын көркем шығармалардың мазмұнын сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету.  4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ақ-қара, үлкен-кішкентай). (Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза,  билейік, ән айтамыз)<br>Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту;  «Мынау кім?» «Мынау не?»  «Не істейді?» «Қандай?»     деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру.<br>«Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету.  (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді)<br>Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу. (Сылдырмақ, | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қонжық, сұр, қоңыр, жолақ, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз)<br>Отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән «Ә», «І», «Ғ», «Ң» дыбыстарын дұрыс атау.<br>Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Әже, ата, әке, ана, іні, сіңлі, туыс, екеу, үшеу, мейрімді) | | | |
| Серуенге дайындық | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** | | | | |
| Серуен | **№ 5**<br>**Аспанды бақылау**<br>**Мақсаты**: Табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғттардың арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту.<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>Тақпақты қайталау.<br>**«Алтын күз»**<br>Ғ.Қайырбеков<br>Алтын, алтын, сары алтын,<br>Алтын күзе нұр жатыр<br>Біз мектепке баратын,<br>Алақай – ау, күн жақын.<br>**Коммуникативтік дағды**<br>**Қимылды ойын: «Ұшақтар»**<br>**Мақсаты**: Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды бекіту. Көтеріңкі, | **№ 2**<br>**Күннің көзін бақылау**<br>**Мақсаты:** Ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық). Себеп – салдар жағдайларын да бақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер қурап, адамдар жылы киім киеді.<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>**Жұмбақ**<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел)<br>**Коммуникативтік дағды**<br>***Қмылды ойын:* «Күн шуағы мен жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Дабыл соғылғанша өз орындарын табу: «Жаңбыр жауып тұр», «Күн нұрын шашып тұр»; алаң бойынша қозғалыс, бір – біріне кедергі жасамау, ойын ережесін сақтау. | **№ 3**<br>**Желдің соғуын бақылау**<br>**Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Тәжірибе: Желге қарсы жүгіру.**<br>**Қорытынды:** Желге қарсы жүгіру қиын.<br>**Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру»**<br>**Мақсаты:** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз | **№ 1**<br>**Ауа райын бақылау**<br>**Мақсаты:** Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)**<br>**Мақсаты:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Аланда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға | **№ 3**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>**Жұмбақ**<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел)<br>**Коммуникативтік дағды**<br>**Желдің соғуын бақылау**<br>**Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Тәжірибе: Желге қарсы жүгіру.**<br>**Қорытынды:** Желге қарсы жүгіру қиын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көңіл күйде болуға баулу.<br>**Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>***Еңбек:* Құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру**<br>**Мақсаты:** Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауға үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары**<br>***Өз бетімен ойындар:* «Ұшақтар»**<br>Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруға көмек беру. | **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>**Еңбек: «Гүлдердің тұқымдарын жинау»**<br>**Мақсаты:** Гүлдердің тұқымдарын жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары**<br><br>**Ұлттық ойын«Асық ату**<br>Ойын шарты:Аумағы екі-үш қадамнан тұратын дөңгелек көн сызылады. Ортасына әр ойыншы келісім бойынша екі-үштен (не одан да көп) асық тігеді. Сақасын иіру арқылы кезегін алған ойыншылар он-он бес қадамдай қашықтан тігілген асықтарды сақамен ата бастайды. Ойыншы сызықтың сыртына шыққан асықты ғана алады да, әрі қарай сақасының жатқан жерінен (егер сақа сызықтың ішінде жатса, онда сызықтың сыртына ғана атуға болады) қайтадан ата бастайды. Егер ойыншы бірде-бір асықты дөңгелек көннің сыртына шығара алмаса, ойыннан шығады. Ойыншылардың бәрінің кезегі біткенде, асықтарды қайта тігіп, ойын жалғаса береді.<br>**"Адал азамат"** | болатынын түсіндіру.<br>**Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>**Еңбек: Тәрбиешіге көмек**<br>**Мақсаты:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>**Жұмбақ**<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел)<br>**Коммуникативтік дағды**<br>***Өз бетімен ойындар:* «Желбезекпен ойын»**<br>Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі, көңіл күйде болу.<br>**Ұлттық ойын:«Ақсерек –Көксерек»**<br>**Ойын шарты:**<br>Бөлінейік екіге,<br>Тұрайық жолдың шетіне,<br>Қол ұстасып алайық,<br>Ажырамастай бекіне.<br>**Бірінші топ:**<br>Ойынға бала көп керек,<br>Қалмасын ешкім өкпелеп.<br>Ақсерек - Көксерек,<br>Сіздерге бізден кім керек<br>**Екінші топ:**<br>Мықты біздің шебіміз,<br>Бұздырмаймыз, тегі, біз,<br>Болса сынап көріңіз,<br>Күшіңіз бен ебіңіз.<br>Біздің берік арнаны, - | жылдам назар аудару.<br>**Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>***Еңбек:* Гүл шоқтарынан букет жасау.**<br>**Мақсаты:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>Тақпақты қайталау,жаттау.<br>**«Алтын күз»**<br>Ғ.Қайырбеков<br>Алтын, алтын, сары алтын,<br>Алтын күзде нұр жатыр<br>Біз мектепке баратын,<br>Алақай – ау, күн жақын.<br>**Коммуникативтік дағды**<br>**Ұлттық ойын:«Көтермек»**<br>**Ойын шарты:**<br>Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**"Адал азамат"** | **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру»**<br>**Мақсаты:** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру.<br>**Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>**Еңбек: Тәрбиешіге көмек**<br>**Мақсаты:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары**<br>***Өз бетімен ойындар:* «Желбезекпен ойын»**<br>Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі, көңіл күйде болу.<br><br>**Ұлттық ойын «Сақина жасыру»**<br>**Ойын шарты**:Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне ала-қандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен - «Сақина кімде»- деп сұрайды. Осы сәтте |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Екпінмен соғып қалады.<br>Бұзса олжа алады,<br>Бұзбаса тұтқын болады.<br>Шақырамыз сынаққа,<br>**Санат** - деген баланы. | | сақинаны алған ойыншы «менде» деп орнынан тұруы керек. Ал әрбір ойыншы өзінің оң жағындағы көршісі үшін жауап береді. Сондықтан сақина кімде екенін ешкім білмесе, ойыншылар бірін-бірі ұстап тұрғызбауға тырысады. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді<br>**"Адал азамат"** |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар) | Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру.<br>**(математика негіздері)** | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру.<br>Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру.<br>**(құрастыру)** | **Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат,аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы: «Оңтүстік желі»**<br>**Мақсаты:** Ертегі арқылы балалардың таза ауаның пайдалылығы туралы түсініктерін бекіту. Экология сабағына қызығушылығын арттыру.Табиғатқа сүйіспеншілігін тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>Көңіл-күйлерін сұрау, тақырыпқа қызығушылық ояту. «Оңтүстік желі» ертегісін оқып беру. Ертегі желісі бойынша сұрақ қою. Сюжетті сурет арқылы әңгімелеуге тапсырма беру. Тәжірибелік жұмыс: парақ немесе<br>қауырсынды алып, үрлеу. Желмен ұшып барып түсетінін бақылайды. Қорытындылау. | Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу.<br>**(музыка)** | Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру<br>Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру. **(математика негіздері)** |
| Балалармен жеке жұмыс | **Сағым жеке жұмыс**<br>Заттардың арасымен еңбектейді,гимнастикалық | **Ердоған жеке жұмыс**<br>тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды | **Айсая жеке жұмыс**<br>Үлгі мен сөздік нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды | **Ердоған жеке жұмыс**<br>қарапайым құрылысты үлгі | **Нұрай жеке жұмыс**<br>заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабырғаға өрмелейді және одан түседі. **(Физикалық қасиеттері)** | қолдануға үйрету өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтады **(Коммуникативтік дағдылары)** | орындауға үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)** | бойынша құрастырады: **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)** | суреттен таниды **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналармен балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу | Ата анасының қандай ойыншықпен ойнағынын баласына айтып беруін сұрау. | Баласының жасап жатқан ойыншығына көмектесуін сұрау. | Ата анасымен ұлттық ойындарды ойнауын ұйымдастыру | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Құндылық – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

***Аптаның дәйек сөзі: «Білім мен еңбек – болашақтың шамы»***

**Мектепке дейінгі ұйым «Көбелек»**
**Топ «Айналайын»**
**Балалардың жасы 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі 22-26 қыркүйек 2025 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **«Менің Қазақстаным»** Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы **Күй күмбірі** Балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс-әрекет дағдыларын дамыту **“Адал азамат”** | **Күй күмбірі** Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге,құрметтеуге ,қызығушылығын арттыру **“Адал азамат”** | **Күй күмбірі** Музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **“Адал азамат”** | **Күй күмбірі** Музыканы эмоционалды көңіл күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге,құрметтеуге ,қызығушылығын арттыру **“Адал азамат”** | **Күй күмбірі** Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **“Адал азамат”** |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | **Ата-аналармен әңгіме:** Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме | **Ата –аналармен әңгіме**: Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Апта дәйек сөзі: «**Еңбек жәй ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы (Абай Құнанбаев) **Қазақ тілі** | **«Мен дәрігер боламын»** **Мақсаты:** Балаларды бір -бірімен ойнату арқылы өздерін дәрігер ретінде сезінуге үйрету. | **«Әдемі үйшік»** **Мақсаты:** Балаларға өз еріктерімен үйшікті құрастыра білуге үйрету. **Құрастыру** | **«Шаштараз»** **Мақсаты:** Балаларға ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін бағалай білуге үйрету. | **Үстел –үсті ойыны:** **«**Менің балабақшам» **Мақсаты:** Түрлі-түсті таяқшалардың көмегімен балабақшаның ауласын құрастыруды үйрету. **Құрастыру** |
| Таңертеңгі жаттығу | **Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені № 4 (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Дидактикалық ойын «Бұл не? Кімге керек?» Мақсаты: Балабақша қызметкерлері мен қажет | Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыра білу, | Қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа | (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) аттарын атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні | Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құралдарымен таныстыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Құрастыру** | халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сурет салу** | бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау **Құрастыру** | дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу<br>**Мүсіндеу** |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Дене тәрбиесі (таза ауада)**<br>**Міндеттері: Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау,сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу.<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;<br>**Секіру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру.<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу.**<br>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.<br>Сапқа тұру, сап түзеу. бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері: Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау,сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу.<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;<br>**Секіру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру.<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу.**<br>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.<br>Сапқа тұру, сап түзеу. бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару.<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). | **Музыка**<br>Музыканы тыңдай отырып, оның сипаты мен мазмұнына өз пікірін жеткізе білу.Әнді хормен орындау ережелерін түсіну.<br>Бірге бастап, бірге аяқтауға, дауыс деңгейін біркелкі ұстауға үйрену.<br>**Ән тыңдау:** « Достық жыры » Думан Байтлеуов<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Ән салу: « Күз тамаша»**<br>**«Аспапты үнінен тап»**<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар шеңбер бойымен отырады. Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жіберіп, ойын шартын түсіндіреді.<br>Шымылдықтың артындағы бала өзіне ұнаған аспабын ойнайды. Шеңбер бойымен отырған балалар аспапты үнінен танып, атауы тиіс<br>**«Сандарды салыстыру. Тәулік бөлігі. Сол жағында, ортасында, оң жағында»**<br>**Міндеттері:** Заттарды санауды үйретуді жалғастыру; екі топтағы | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері: Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру.<br>Тепе-теңдікті сақтау,сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу.<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;<br>**Секіру.**<br>Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру.<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу.**<br>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату.<br>Сапқа тұру, сап түзеу. бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. | **«Менің отбасым»**<br>**Міндеттері:** Баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейту; - балаларды отбасылық мерекелер мен салтанатты іс-шараларға қатысу дағдыларын дамыту; - отбасы мүшелеріне, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарына түсіністікпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Үнтаспадан «жарығым», «ботам», «құлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдатылады.<br>Балалар, қалай ойлайсыңдар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады?<br>Иә, балалар, сендерге жылы сөздерді аталарың, аналарың әке, әжелерің айтады екен.<br>Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз?<br>Бүгін біз «отбасы» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тамашалап бақылау.<br>Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келуді жетілдіру.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>Балалармен бірге жапырақтарды бояу (**сурет салу)**<br>Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру.<br>**Жапсыру**<br><br>**Музыка** – «Көңілді аспаптар»<br>Қазақ халқының музыкалық аспаптарымен таныстыру, ұрмалы, үрмелі аспаптарда жеңіл ырғақтар ойнап дағдылану.<br>Ән тыңдау:<br>«Балдырғандар әні»<br>(Б. Дәлденбаев, Н. Жанаев)<br>Ән салу:<br>«Біздің оркестр»<br>А.Асылбек,<br>Т.Қоныратбай<br>Ойын: | жалауша ұстап жүру – жалаушаларды қапталға, алға созады, жоғары көтереді, тізені жоғары көтеріп жүреді (тізбекте арақашықтықтың сақталуына мән беру қажет).<br>Шеңбер құрау.<br>**Жалаулармен жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау:**<br>1.Бір-бірден тізбекте жүгіру (шеңбермен айналып жүгіру, жалауларды айналып солға, оңға жүгіру, жалауларға жанаспай жеңіл, ырғақпен жүгіру).<br>2.Екі аяқтап секіру – қозғалысты ырғақпен орындау.<br>6 метр қашықтыққа алақаны мен табанын тіреп еңбектеу.<br>Жұптасып жасалатын | **Геометриялық фигуралар:**<br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді жетілдіру<br><br>1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру;Үлгіні пайдалана отырып,<br>1 цифрын салуды үйрету;<br>Өзге сандардың арасынан 1 цифрын табу;заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білу дағдыларын бекіту (оң жақта, сол жақта, ортасында);<br>Геометриялық пішіндердің орналасу ретін түсіндіру;<br>Балалардың бойында тәртіптілік, жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Суретпен жұмыс.<br>Дәптердегі сурет | **Негізгі кезең**<br>Бір-бірден тізбекте жүру және жүгіру, арасында табанның сыртқы жағымен жүру.<br>Ойын түріндегі жаттығу «Табиғат ғажайыптары» (демді іште ұстамай, мейлінше дәл орындауға тырысу қажет).<br>Жұмбақ жасыру.<br>Үстінен тоны түспеген,<br>Сонда да араз қыспенен.<br>Жаз бойы жегені – жидек пен бал,<br>Қыс бойғы мекені – апан. (Аю)<br>Сылдырдан қорқады,<br>Шошынып жортады. (Қоян)<br>**Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау**<br>1.Ойын түріндегі жаттығу: «Секеңдеген қояндар».<br>Бір орында 20 рет секіреді. Түсіндіреді – түлкі естіп қоймас үшін аяқтың ұшымен секіру қажет.<br>2.Ойын түріндегі жаттығу: «Жолмен жүріп өт».<br>Қос पареллель сызықтан (жіптерден) жасалған қос жол (жол арқылы орманның арғы шетіне өту, жолдан шығып кетуге болмайды, әйтпесе, орманда адасып | Жүре алмайсың, қуыршақ?<br>Жұмсағанда сен неге,<br>Тіл алмайсың, қуыршақ?<br>Біз күлгенде күлмейсің,<br>Аңқаусың ба, қуыршақ?<br>Бізбен бірге жүрмейсің,<br>Жалқаусың ба, қуыршақ?<br>(Р. Тышқанбаев)<br>Даусын айнытпай сал:<br>Құлыншақтан қуыршақ,<br>Шауып жүріп құлады.<br>Салшы даусын, қуыршақ,<br>Сонда қалай жылады?<br>(Жылаған дыбысты келтіреді).<br>Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. **(Тіл дамыту,көркем әдебиет,қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>Сол ойыншықтардың суретін салу,жапсыру **(сурет салу,жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ырғақты қайтала»<br>Шарты:<br>Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады.<br>Алдарына бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапқа салады.Екінші бала<br>сол әуенді аспапта қайталап<br>ойнайды. Бала дұрыс тауып<br>ойнаса, балалар қолдарын шапалақтайды. | қимылды түсіндіру – алдымен бірінші қатар екіншісіне қарай еңбектеп жүреді және өз орнына қайтып оралады.<br>**Ұлттық ойын:** «Қыз - қуу»<br>Ойын шарты:<br>Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса, сол бала жеңіске жетеді.<br>**Бір тұтас тәрбие**<br><br>**Қазақ тілі**<br>Міндеттері:**Тілдік дамытушы орта**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды | бойынша әңгіме жүргізу.<br>1-тапсырма.<br>Бір күні анасы мен қызы хайуанаттар бағына барады. Қызы торда тұрған арыстанды көріп, таңырқап, қасында тұрып қалады. Оның қалып қойғанын байқамай анасы алдыға түсіп жүріп кете береді.<br>–Қыз нешеу?<br>–Арыстан нешеу?<br>2-тапсырма. Балалар суреттен 1саны және 1 цифрымен танысады. Педагог 1 цифры туралы өлең оқып беріп, оны балаларға жаттатады.<br>Бір дегенің бірінші,<br>Тұрады ғой қатарда.<br>Көтеріп ап танауды,<br>Бастайды ол санауды.<br>Педагог балаларға сандар қатарынан 1 цифрының орнын тауып, сонша моншақты бояуды ұсынады.<br>3-тапсырма. Содан соң ол балаларға өзге цифрлардың арасынан 1 санын тауып, оны қоршап сызуға тапсырма береді.<br>Сергіту сәті: | кетеді).<br>Ойын түріндегі жаттығу:<br>Қимыл-қозғалыс ойыны:<br>**Ұлттық ойын:«**Көтермек**»**<br>Ойын шарты:Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**“Адал азамат”**<br><br>Күзде жануарлар не істейді, адамдар не істейді сұрау. Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды айта білуін қалыптастыру. **(Тіл дамыту)**<br>Бақша күтушісінің пайдаланатын құралдарын таныстыру. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету **(мүсіндеу)**<br>Кітапқа қамқорлық таныту.”Адал азамат” | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | талқылауға мүмкіндік беру. Балалардың таңдауына мүмкіндік беріп нанның суретін салуға болады. **(сурет салу)** Нанды  қамырдан жасауға болады деп іс әрекеттермен айналысуын қарастыру. **(мүсіндеу)** | Бала, бала, баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамыз да қаламыз!<br>Иілеміз оңға бір,<br>Иілеміз солға бір.<br>4-тапсырма. Педагог балаларға суреттерді қарап шығып, бірдейлерін бір-біріне қосуды тапсырады.<br>5-тапсырма. Педагог балаларға бірінші және екінші қатардағы пішіндердің қалай орналасқанына назар аударуды ұсынады. – Балалар, пішіндерді дәл осындай ретпен орналастыра отырып, қатарды жалғастырыңдар.<br>**(қоршаған  әлеммен таныстыру,математика негіздері)**<br>Балалардан күз туралы қандай ертегі немесе тақпақ білетінін сұрау.<br>**(Тіл дамыту)**<br>Ендеше тақпақ жаттайық және өзіміздің күз туралы ертегі кітабымызды жасайық.<br>**(жапсыру)** Балалардың таңдауы бойынша екі | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | орталыққа бөлу. Балалар жұмыстарын аяқтаған соң сергіту сәті. Балалардың жасаған кітапшаларын тамашалап, тақпақтарын тыңдау. | | |
| Серуенге дайындық | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту | | | | |
| Серуен | **№ 1**<br>**Ауа райын бақылау**<br>**Мақсаты:** Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу.<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>Тақпақ оқу.<br>**«Алтын күз»**<br>Ғ.Қайырбеков | **№ 2**<br>**Күннің көзін бақылау**<br>**Мақсаты:** Ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық). Себеп – салдар жағдайларын да бақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер қурап, адамдар жылы киім киеді.<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>Жұмбақтар жасыру.<br>Ақ сандығым ашылды, Жұрттың бәрі соны сүйеді, | **№ 1**<br>**Желдің соғуын бақылау**<br>**Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.<br>Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру<br>Тәжірибе: Желге қарсы жүгіру.<br>Қорытынды: Желге қарсы жүгіру қиын.<br>Қимылды ойын: «Желбезекпен | **№ 2**<br>**Шөптін солуын бақылау**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>Жұмбақ шешу.<br>Дала кілемі.<br>Ол не? (Шөп, өсімдіктер)<br>Мақсаты:<br>Балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>Қимылды ойын:<br>**«Көгершін»** ойын (шешен-ингуш ұлттық ойыны)<br>Мақсаты: Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу ). Ойын | **№3**<br>**Ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады.<br>**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>Тақпақ<br>Көкөністі көп ектік,<br>Өссін, піссін деп ектік,<br>Көктемде еккен көкөніс,<br>Күзде берді көп өнім.<br>**Коммуникативтік дағды**<br>**Қ/О:«Өз жұбыңды ізде!»**<br>**Мақсаты:** Қимыл ептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады.<br>**Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>**Еңбек: Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу**<br>**Мақсаты:** еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу.<br>**(тілдік қарым-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алтын, алтын, сары алтын,<br>Алтын күзе нұр жатыр<br>Біз мектепке баратын,<br>Алақай – ау, күн жақын.<br>**Коммуникативтік дағды**<br>**Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)**<br>**Мақсаты:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару.<br>**Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>***Еңбек:*** **Гүл шоқтарынан букет жасау.**<br>**Мақсаты:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары**<br><br>**Ұлттық ойын: «**Сақина жасыру**»**<br>Ойын шарты:Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге | Ішінен жібек шашылды. Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) (Күн)<br>**Коммуникативтік дағды**<br>***Қимылды ойын:*** **«Күн шуағы мен жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Дабыл соғылғанша өз орындарын табу: «Жаңбыр жауып тұр», «Күн нұрын шашып тұр»; алаң бойынша қозғалыс, бір – біріне кедергі жасамау, ойын ережесін сақтау.<br>**Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>**Еңбек: «Гүлдердің тұқымдарын жинау»**<br>**Мақсаты:** Гүлдердің тұқымдарын жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары** | жүгіру»<br>Мақсаты: Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру.<br>Физикалық қасиеттерін жетілдіру<br>Еңбек: Тәрбиешіге көмек<br>Мақсаты: Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу.<br>Танымдық іс – әрекет дағдылары<br>Балалармен жеке жұмыс<br>Жұмбақ<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел)<br>Коммуникативтік дағды<br>**Ұлттық ойын:**<br>«Соқыр теке»<br>Ойын шарты:Ойнайтын балалар қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы қатар тұрғандардың әрқайсысын жоғарыда көрсетілгендей мал атымен атап шығады. Ең соңғы аталған бала «тентек теке» болады. | ережесін сақтау.<br>**Физикалық қасиеттерін жетілдіру**<br>**Еңбек: Құрап қалған шөпті тырнауышпен жинау.**<br>*Мақсаты:* Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары** | **қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)**<br><br>**«АБАЙЛАҢЫЗ,ТЕРЕЗЕ!»**<br>Ұзақтығы: күні бойы Топ: ересек (4 жастағы балалар)<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін, терезелердің жанында өзін ұстаудың қауіпсіздік ережелерін үйрету.<br>Міндеттері: ▪ Балаларға терезелер неге қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. ▪ Балаларға терезенің жанында өзін ұстау ережелерін үйрету.<br>Материалдармен ресурстар: Терезелердің жанында дұрыс және дұрыс емес әрекеттерді көрсететін суреттер немесе карточкалар.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет: Тәрбиеленушілермен амандасу. Терезелердің жанында сақ болудыңмаңыздылығы туралы әңгімелеу.<br>Терезелералдындағықауіптер: Педагог қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда терезелер қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіреді. Мысалы, «Егер сіз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып тізілерінің үстіне ала-қандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен - «Сақина кімде»-деп сұрайды. Осы сәтте сақинаны алған ойыншы «менде» деп орнынан тұруы керек. Ал әрбір ойыншы өзінің оң жағындағы көршісі үшін жауап береді. Сондықтан сақина кімде екенін ешкім білмесе, ойыншылар бірін-бірі ұстап тұрғызбауға тырысады. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді<br>**Бір тұтас тәрбие** | | Ойын кең үйде де, далада да ойналады. Егер далада ойналса, шеңбер сызылып, ойынға қатысушылар осы шеңберден шықпауы керек.Ойынды жүргізуші «тентек текені» ортаға шығарып, көзін таңа бастағанда, «Соқыр теке» былай дейді:<br>Қараңғыда көзім жоқ,<br>Тиіп кетсем сөзім жоқ<br>Маған жақын келіңдер,<br>Біреуін ұстап беріңдер.<br>Мұнан кейін «Соқыртекені» айнала қоршаған балалар<br>Соқыр, соқыр, соқырақ<br>Ұмтыла қу ұстауға<br>Тырысамын түспеуге<br>Сенің айла, қуыңа<br>Ал ұстап көр батырым<br>Міне келе жатырмыз,-деп өлеңдерді бірге қосылып айтады.Өлең айтылып болысымен,«Соқыртеке» шеңбер ішіндегілерді ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қадағаланады. «Соқыртеке» ұстаған | | ашық терезеге тым жақын болсаңыз, құлап кетуіңіз мүмкін», «Терезeмен ойнауға немесе терезе үстінде/алдында секіруге болмайды». Терезе маңындағы тәртіп ережелері: 1-ереже. Ешқашан ашық терезеге жақындамаңыз.Түсіндіру: «Егер терезе ашық болса, одан аулақ болыңыз».2-ереже. Терезе үстінде/алдында ойнамаңыз. Түсіндіру: «Терезенің алдында ойнауға болмайды, тайғақ болып, құлапқалуыңыз мүмкін». 3-ереже. Ересектердің рұқсатынсыз терезелерді ашпаңыз. Түсіндіру: «Терезені ашпас бұрын үлкендерден рұқсат сұраңыз». 4-ереже. Егер сіз ашық терезені көрсеңіз, ересектерге айтыңыз. Түсіндіру: «Егер сіз ашық терезені байқасаңыз, бұл туралы дереу ересектерге айтыңыз». **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бала оның орнына тұрады. Ойын қайта басталады<br>**“Адал азамат”** | | |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).<br>«**Суды,тамақты,энергияны үнемді тұтыну**»-табиғы ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, әзірлеу. **Мақал**:Су бергеннің сауабы бар, су төккеннің жауабы бар.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру Өнегелі 15 минут** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдауды дамыту**(сөйлеуді дамыту**) **бір тұтас тәрбие**<br>Жапырақтарды салыстыру сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру<br>**(Математика негіздері)** | Геометриялық пішіндерді тану және атау дағдыларын пысықтау. Жемістер мен көкөністердің суретіне геометриялық пішіндерді беттестіріп қойып, қай пішінге ұқсайтынын анықтауды жетілдіру.<br>**(Математика негіздері)**<br>**Құрастыру** материалдарынан жемістер мен көкөністерді салатын қораптарды жасау.<br>(**Құрастыру)** | **Вариативтік компонент: «Табиғатты аялайық»**<br>**Тақырыбы:** «Өлі және тірі табиғат»<br>Мақсаты: Балаларға өлі және тірі табиғат туралы түсінік беру. Табиғаттағы құбылыстардың өзара қатынасы, бір-бірімен байланыстылығы жөніндегі білімін кеңейту. Табиғат құбылысын қабылдай білуге, сезінуге тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>«Мына ғажап әлемде» шаттық шеңбері.<br>«Табиғат» бейнежазбасын тамашалау.<br>Бейнежазбаны әңгімелеп, талқылау.<br>Тәжірибе: құм мен тасты әйнек арқылы бақылау.<br>Ауыр немесе жеңіл | Қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы мультфильм қарау. Неге олар ұшып кетеді деген сұраққа балалардың пікірін тыңдау. (**Тіл дамыту) экологиялық тәрбие**<br><br>Геометриялық пішіндерді тану және атау, жапсырған құстарын қандай пішіндерден құрады айтып беруді меңгерту<br>(**математика негіздері)** | Ағаштарды қандай геометриялық пішіндерден жасауға болады ойларын айтуды үйрету**. (математика негіздері) экологиялық тәрбие**<br><br>Еркін ойын.<br>Балалардың қалауы бойынша апта бойы жасаған жұмыстарын қайталау**. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қасиеттерін бақылау.<br>«Құм, тас, су» ойыны.<br>Мақсаты: зейінділікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Сұрақ-жауап арқылы білімдерін бекіту. | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Нұрай жеке жұмыс: Тұрған орнында қос аяқпен алға қарай жылжып, биіктен және ұзындыққа секіреді.Тік нысанға заттарды лақтырады **Физикалық дағды** | Айсая мен жеке жұмыс:<br>педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады: **Коммуникативтік дағдыларын дамыту** | Сағым мен жеке жұмыс: Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді,ішінара атайды **Танымдық және зияткерлік дағдылары** | Ердоған мен жеке жұмыс: Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүіндей алады **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)** | Нұрай мен жеке жұмыс: сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратады және атайды: **Әлеумет** |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата анасының қандай ойыншықпен ойнағынын баласына айтып беруін сұрау. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. | Ата-аналарга балалардьщ тазалығы, денсаулыктары жайлы кунделікті айту, | Кеңес: «Бала мен қоғам»<br>Ата-аналармен балалардын коршаған ортамен, достарымен карым- катынасы жайлы әңгімелесу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**
*Аптаның дәйек сөзі: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»*

**Мектепке дейінгі ұйым: «Көбелек» шағын орталық**
**Тобы: «Айналайын»**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 06 – 10 қазан 2025 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | «Менің Қазақстаным» Әнұран айту. **“Адал азамат”** | Достарым әнімен қарсы алу Күй әуенін қосу. **Күй күмбірі** | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу Күй әуенін қосу.**Күй күмбірі** | Үш түрлі смайликпен қарсы алу Күй әуенін қосу.**Күй күмбірі** | Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу Күй әуенін қосу.**Күй күмбірі** |
| | **Апта дәйек сөзі:** «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. бағдаршамның белгілеріне үйретуді жалғастыру, **“Адал азамат”** | «Мен Отаныммен мақтанамын!» ертеңгілігіне дайындық жасау,тақпақ, ән. **“Адал азамат”** | Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру. **Экологиялық тәрбие** | «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру **Экологиялық тәрбие** | көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру музыка |
| Таңертенгі жаттығу | Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №4 (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран орындату | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген | Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, | Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне | Қағаздан құрастыру: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың | Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Математика негіздері | пластина, кірпіш, блок) және атау дағдасын дамыту Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау. Құрастыру | құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Қоршаған әлеммен таныстыру | парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, орамдарға айналдыра білу Құрастыру | аяғына дейінжеткізе білу, оны жақсы орындау. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық- түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Қоршаған әлеммен таныстыру |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Дене тәрбиесі(таза ауада) Міндеттері: Үш дөңгелекті велосипед тебуге, онымен бұрылуға үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы орындалатын тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Ирелеңдеп» жүру мен жүгіруге жаттығу, заттарды оң жағынан және сол жағынан айналып өту қабілетін жетілдіру. Допты саусақтардың ұшымен итеріп, кілемшелердің | **Дене тәрбиесі** **Міндеттері:** Допты заттардың арасымен домалатқан кезде доп траекториясы бағытын өзгертуді үйрету. Допты қол саусақтарымен қатты күш салмай ақырын итеріп жіберу қабілетін дамыту. Бір орында секіруге, оң және сол жаққа бұрылуға жаттықтыру, екі аяқпен бір уақытта жерден серпіле секіріп, оңға, солға бұрылу және айналу қабілетін нығайту. Зейінін, үйлестіру қабілетін дамыту. Салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-** | **Музыка** Музыкалық аспап түрлерін (домбыра,сыбызғы,шаңқобыз) ажырату.Музыка аспаптарының дыбыстарына қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. Музыкалық аспаптың дыбыстарына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату. Аспапта ойнау: «Саулем-ай» (қазақтың халық әні, өндеген Б. Дәлденбай) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай | **Дене тәрбиесі** **Міндеттері:** Қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік пен икемділік қабілетін дамыту. Өз денсаулығын күтуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Негізгі кезең** Бір-бірден тізбекке тұру. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – | **«Әдемі торғай»** **Міндеттері:** Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету; құстар туралы білімдерін дамыту; саусақ икемділіктерін арттыру; сөйлеу тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру; балаларды құстарға қамқорлық жасауға, мейірімділікке, еңбекке баулуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Педагог балаларға тақпақ оқиды:** Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі бұлтиып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арасымен «жыланша» ирелеңдетіп домалату қабілетін нығайту. Еденнен бір уақытта қос аяқтап қатты серпіліп көтерілу, жерге түскен кезде тізені аздап бүгу қабілетін нығайтуды жалғастырамыз. Бұлшық еттерін нығайтуға ынталандыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Ұйымдастыру кезеңі. Қимыл-қозғалыс жасайтын алаңның үлгісін жасау: массажға арналған төсеніштерді екі қатарға жаяды. Балалардың назарын төсеніштерге аударады. Сиқырлы төсеніштердің балаларға епті болуға көмектесетінін айтады. II. Негізгі кезең. Тізбекте бір-бірден тез адымдап жүру және жүгіру, екеуін кезекпен орындау. Тізбекте бірбірден өкшемен жүру (арқадағы бұлшық еттерді дамытады), аяқтың ұшымен жүру (жалпақтабанның алдын алады). Аяқтың ұшымен | **әрекет:** Дені сау, салауатты болу, ауырмай, күшті әрі шапшаң болу үшін не істеу керек деген тақырыпта қысқаша әңгімелесу. **Негізгі кезең** Тізбекте бір-бірден, екіден жүру және жүгіру жаттығуларын орындау. Жаттығулардың орындалу барысын қадағалау. **Ойын түріндегі жаттығу:** «Мен сияқты жаса!» – қолды әртүрлі қалыпта ұстап реттеу жаттығуларын орындау. **Шапалақтау арқылы жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.** **Ойын түріндегі жаттығу: «Орын алмасыңдар»** **Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:** Бір қатарға арасы 1 метр қашықтықпен қойылған 5 заттың арасымен доптарды | «Аспапты үнінен тап» Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен отырады.Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жіберіп,ойын шартынтүсіндіреді.Шымыл дық артындағы бала өзінің қалағанаспабынойнайды. Шеңбер бойында отырған балалар ,аспапты үнінен танып атауы тиіс.<br><br>**Қанатты достар** **Міндеттері:** Құстардың дене құрылысы туралы ұғымдарын кеңейту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Құстарға ізгі көзқарастарын тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өлең оқып, ұйымдастырылған іс- | аяқ пен қол шынайы, жеңіл қозғалады. Екі тізбекке тұру. **Қол шапалақтап жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды** Тізбектегі арақашықтықты, белгіленген бастапқы қалыпты сақтау қабілетін бақылау. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау.** **Ойын түріндегі жаттығу: «Секір-бұрыл»** Бір орында тұрып оңға және солға бұрылып секіру. Бұрылып секіру техникасын түсіндіру: еденнен аяқтарымен екпінмен итерілу, бұрылу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру**.** Үш доғаның астымен еңбектеп өту. Тізбектердің арасына екі қатарға үш доғалдан қойылады. **«Кім епті?» ойыны** **Шарты:** 1-2-3 доғалдарының | Шық-шық етіп отырмақ. – Балалар, құстың дене құрылысына сипаттама беріңдерші? – Ол қалай қоректенеді? Сөздік жұмыс: шырылдайды, гуілдейді, қаңқылдайды, қарқылдайды, шықылықтайды. Сергіту сәті. Кәне, қанат жазайық, Құс боп желмен ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, Ұямызға қонайық. **Торғай туралы мәлімет беріледі.** Оның дене құрылысына талдау жасалады. – Балалар, біз бүгін торғайды мүсіндесек қайтеді? – Торғайды мүсіндеп, суреттегі торғай қонып отырған ағаштың бір бұтағына орналастырамыз. – Торғайды жасау үшін екі домалақ дайындап аламыз, үлкені – денесі, кішісі – басы болады. Үлкен домалақты сопақша пішінге келтіріп, екі саусақпен қысып құйрығын шығарып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіру. Кәдімгі жүріс.<br>Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау (массаж жасайтын төсенішпен)<br>1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып, қолды төмен түсіріп тұрамыз.<br>П.: қолды алға, кеуденің деңгейіне, жоғары көтереміз, түсіреміз, бұрынғы қалпына қоямыз.<br>2. Б.қ.: сол қалып. Қолды белге қоямыз.<br>П.: отырамыз, қолдарымызбен еденді ұстап, тұрамыз, бастапқы қалпымызға қайтып ораламыз.<br>3. Б.қ.: қолды белге қойып, тізерлеп тұрамыз.<br>П: алға қарай еңкейеміз (солға).<br>4. Б.қ.: отырамыз, аяғымызды тік ұстаймыз, қолдарымызды артқа қойып тірейміз.<br>П.: тіземізді бүгіп, ішімізге қарай көтереміз.<br>5. Б.қ.: аяқтарымыз ды қосып, қолымызды белге қоямыз. П.: екі аяқтап секіреміз, жүреміз | домалату.<br>Түсіндіру және көрсету: допты саусақтармен қатты итермейміз, оны кегельдерді айналып өтетіндей етіп оңға, солға бұрып отырамыз. Допты кегельдер арасымен домалатқан кезде балалардың арақашықтықтарын сақтауын қадағалау. Бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру. Секіру жаттығуларының орындалу тәртібі мен дұрыстығын көрсету: өзін айналып бұрылған кезде бірнеше бұрылысты ізбе-із орындау қажет.<br>**«Көгершінді қуып жет» ойын**<br>**Шарты:** Көгершіннің макетімен залды айналып жүгіру, балаларды макеттің соңынан жүгіріп, белсенді қимылдауға ынталандыру.<br>**Ойын: «Кім зейінді?»**<br>Балаларды ынталандыру<br>Құстардың үйшіктерін | әрекетіне жағымды көңіл күй қалыптастыру.<br>«Тырналар» Қастек Баянбай<br>Аспанда самғайды,<br>Тырналар тізіліп.<br>Біреуі қалмайды,<br>Қатардан үзіліп.<br>Сақтайды сапарда.<br>Бірлікті кім мұндай?<br>Бұзылмас қатары.<br>Кәдімгі шынжырдай.<br>Күз белгілерін айтуды ұсынады. Ауа райын күнтізбеге белгілеу.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Қанаты бар талмайтын,<br>Биіктерге самғайтын.<br>Неше түрлі әнге сап,<br>Жер-әлемді шарлайтын.<br>(Құстар)<br>– Құстар табиғаттың жанды әлде жансыз бөлігі ме?<br>Күзде құстардың тіршілігінде қандай өзгерістер болады?<br>Құстардың барлығы ұшып кете ме?<br>**Негізгі кезең**<br>Құстар бейнеленген суреттерді қарастыру, әңгімелесу.<br>Өздері білетін құстарды атайды: қарға, торғай, | астымен ізбе-із өту.<br>**Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамытуға арналған ойын: «Кегельді құлат»**<br>Педагог ойын тәртібін түсіндіріп, орындау әдісін көрсетіп береді.<br>**«Қарынға массаж жасайын» ойыны**<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетті әрі қарай жалғастыру.<br>Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен құстардың суретін салу, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы бейнесін жасау және геометриялық пішіндер арқылы жапсыру**.**<br>**(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту арқылы құстың бейнесін құрастыру<br>**(құрастыру)**<br>Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда | құйрығының ұшын жалпақтаймыз. Кішкентай домалақ бөлшек құстың басы болады, екіншісінің де құйрығын солай созамыз. Енді екеуін қосамыз. Құстың аяғын жасаймыз. Дайын құсты ағаштың бір бұтағына орналастырамыз. Ағаштың бұтағын қағаздан қиып алып жабыстырамыз.<br>Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?»<br>Әртүрлі құстардың суреті көрсетіледі.<br>«Жапалақ» ойынын ойнайды.<br>«Күн» дегенде балалар «ұшады», жапалақ дегенде ұйықтайды, «түн» дегенде құстар ұйықтайды, жапалақ ұшады.Ұйықтамаған «құсты» ұясына алып кетеді.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. Біз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (екеуін кезекпен орындаймыз.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде лек-лекпен орындау, балалардың назарын тапсырманы орындағанда арақашықтықтарын сақтауға аударады.<br>Төсеніштердің арасымен «жыланша ирелеңдеп» жүру, жүгіру. Допты төсеніштердің арасымен «жыланша» домалату. Балалардың назарын допты қолдың саусақтарымен екпінмен итеру керектігіне аударады (қол моторикасын дамыту).<br>Спорттық жаттығулар Үш дөңгелекті велосипед тебу.<br>«Кім тезірек келеді»<br>Шарты: Екі қатарға бөлініп,жарысып ойнайды,қай топ бірінші келсе,сол топ жеңімпаз болады.<br>«Орныңды тап!»<br>Шапрты: Кез келген бағытта қос аяқтап секіру. Нұсқау: еденнен екі аяқпен бір уақытта | биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі үйшіктерді салыстыру.<br>**(математика негіздері)**<br>Құстардың ән салғанын тыңдау. Дыбысына қарай қай құс екенін анықтау. Орманда ма әлде қалада өмір сүреді ма зерттеу. Қала мен орманның айырмашылықтарын білу **(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>Құстардың тіршілік ететін ортасы туралы әңгімелесу. **(Тіл дамыту)**<br><br>**Ұлттық ойын: «Бөрік жасырмақ»**<br>Ойын шарты:<br>Ойынға қатысушылар араларынан бір ойыншы шығарып, алыстау жерге таман барып, бөркін немесе басқа бір бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайына жасырынуы керек.Қалған ойыншылар тығылған | қарлығаш, бұлбұл, тырна, қараторғай, сарышымшық, суықторғай.<br>Қандай құстарды жыл құсы деп атайды (бұлбұл, қарлығаш, тырна, қараторғай).<br>Ал қандай құстарды қыстап қалатын құстар деп атайды? (Торғай, қарға, сарышымшық, суықторғай).<br>Неліктен құстар жылы жаққа ұшып кетеді?<br>Құстардың жылы жаққа ұшып кету себебі «күн суытып, құстардың жейтін қорегі қалмауы, жәндіктердің жоғалуы» деген секілді болжамдарын айтады.<br>(**Қоршаған әлеммен таныстыру**)<br>**Әртүрлі құстар туралы жұмбақтар жасырады.**<br>1.Сирағы ұзын,<br>Тырнағы ұзын.<br>Балықты сүзбей,<br>Ұстайтын шоқып,<br>Тұмсығы біздей. (Тырна)<br>2. Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі.<br>(Қарлығаш) | мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету<br>**(көркем әдебиет)**<br>Тамақты ішсең күнде сен<br>Белгілі бір мезгілде<br>Таңертең, түсте,түстен соң<br>Жатар алды кезінде,<br>Балаларға уақытты бағдарлауға үйрету.<br>(математика негіздері)<br>Ас адамның арқауы<br>Дені саудың жаны сау мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, сөйлеу тілдерін дамыту<br>**(Тіл дамыту)**<br>**Ұлттық ойын:**<br>**«**Арқан тарту.»<br>Ойын шарты:<br>Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады.Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады<br>Қай топ арқанды өз жағына тартып,алып, кесе сол топ жеңіске | қамқоршы баламыз,<br>Құстарға ұя саламыз.<br>Жемдерін беріп қыс бойы,<br>Көмекші бала боламыз.<br>Өлен айтып, ән шырқап,<br>Құстарға дос боламыз.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Көп - аз ойыны.<br>Құстарды топтастыру,әңгімелесу.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**Ұлттық ойын: «**Сақина жасыру»<br>**Ойын шарты:**Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерініғң үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екпінмен итерілу, тізені аздап бүгіп, жерге аяқтың ұшымен түсу.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Ара»<br>Педагог қалай тұру керектігін көрсетеді: қолдарын кеудесіне айқастырып, бастарын төмен түсіріп, денені тік ұстап тұрады. Ара ызыңдады: «Жу-жу-жу» (кеуде қуысын қысып, демді сыртқа шығарған кезде: ж-ж-ж деген дыбыс шығарамыз, содан соң тыныс алған кезде қолдарымызды қапталға созып, иықтарымызды жазып айтамыз …)<br>Ыжылдаймын-ыжылдаймын,<br>Осылайша бал жинаймын.<br>5 рет қайталайды.<br>Балалардың мұрын арқылы әрі терең дем алуына көңіл бөліңіз.<br>Педагог тақпақ айтып береді:<br>Денсаулық ол – шыныққан,барлық дене мүшесі.<br>Денсаулық ол – | ойыншылардың тыққан затын іздеуге кіріседі.Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алуға қам жасаса онда иесі бермеуге тырысады.Бермеудің жаңдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады.Ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорып,бөрікке жібермеуге тырысады.Бермеудің жағдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады, ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорқып, бөрікке жібермеуге тырысады.Ал басқалардың қай-қайсысы болмасын бөріктің иесіне қол тигізіп, күш жұмсауына болмайды.Қайткендед е алдап жүріп алып, оны жүргізушіге ертіп келулері керек.Келесі жолы бөрікті әкелген | 3.Тақылдатып,<br>Мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап,<br>Ормандарды емдейді,<br>Зиянкесті жазалап.<br>(Тоқылдақ)<br>4.Жем көрсе,<br>Шықылықтап<br>қалтаңдайды, Сескенсе,<br>Жыпылықтап<br>жалтаңдайды.<br>(Сауысқан)<br>5.Қара түсті қарқылдақ,<br>Ұшып-қонып жалпылдап.<br>Қоқыстарды шоқиды,<br>Жем іздейді там-тұмдап.<br>(Қарға)<br>**Педагог беретін ақпарат:** Қыстап қалатын құстар қандай?<br>Қарғалар, ұзақтар, көгершіндер мен торғайлар адамдардың тұрағының маңында өмір сүріп, тағам қалдықтарын жеп үйренген. Олар қыста ешқайда ұшып кетпейді.<br>Қанатты достарымыз адамға қандай пайда әкеледі?<br>Қыста құстарға кім көмектесуі керек?<br>Сонда оларды қалай ажыратады? | жетеді.<br>Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса ,құламаған бала жеңіске жетеді.<br>**“Адал азамат”** | басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.<br>**“Адал азамат”** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыныққан, жүйке тамыр жүйесі.<br>Денсаулық ол – күлуің, көңіл күйің жадырай,<br>Денсаулық ол – жүруің, Ешбір жерің ауырмай.<br>Қоршаған әлеммен таныстыру, көркем әдебиет,қазақ тілі<br>«Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев<br>Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және өлеңді түсінеді.<br>Тіл дамыту<br>«Бағдаршам» ойыны<br>Шарты: Дөңгелек затты бастырып,бағдаршам бейнесін жасау.<br>Сурет салу<br>Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп бағдаршам құрастырады.<br>Құрастыру<br><br><br><br>Музыка<br>Музыкалық аспап түрлерін (домбыра,сыбызғы,шаңқобыз) ажырату.Музыка аспаптарының | ойыншы барады да , ойынаушының уақыттары жеткенше ойын жалғаса береді.<br>**“Адал азамат”**<br><br>**Қазақ тілі**<br>Байланыстыра сөйлеу:<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Міндеті:Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстар,оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, | Болжамдарымен бөліседі: қауырсындарына, сыртқы түріне, үлкендігіне қарай ажыратады.<br>«Сөз» ойынын ұсынады.<br>Біз тамақты немен жейміз? (Ауызбен).<br>Ал құстар ше? (Тұмсығымен). Адамның денесі терімен жабылған, құстардың ше? (Қауырсындармен).<br>Бізде аяқ бар, құстарда ше? (Сирақ).<br>Біздің қолымыз бар, құстарда ше? (Қанат)<br>Сарышымшық пен қарлығаш туралы салыстыру әңгімесін құрастыруды ұсынады.<br>Аудиожазбаны тыңдауға шақырады. Құстар сыртқы түрімен ғана емес, әртүрлі дыбыспен сайрауымен де ерекшеленеді. Аққу қиқулайды. Бозторғай шырылдайды. Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін, үкі уілдейді. Көкек көкектейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарына қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. Музыкалық аспаптың дыбыстарына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату. Аспапта ойнау: «Саулем-ай» (қазақтың халық әні, өндеген Б. Дәлденбай) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай «Аспапты үнінен тап» Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен отырады.Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жыберіп,ойын шартынтүсіндіреді.Шым ыл дық артындағы бала өзінің қалағанаспабынойнайды . Шеңбер бойында отырған балалар ,аспапты үнінен танып атауы тиіс. | жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді үйрету Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы, жылы киінеміз, жеңіл киінеміз) **Ұйымдастырылған іс-әрекет**: Дидактикалық ойын «Киіз үй» ойнатылады. Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді) Уықтары шаншылып (қолдарын жоғары көтереді) Керегелер керіліп (алақандарын ашады ) Өрім дей болып өрілер (қолдарын белге қояды) Бәріміз бірге жүрсек айналып, киіз | қарқылдайды. Қарлығаш, сауысқан шықылықтайды. Тоқылдақ тоқылдайды. Тырна тыраулайды. Үйрек барқылдайды. Торғай шиқылдайды. **Сергіту сәті:** Қарлығашқа ұқсайық, Кәне, қанат жасайық (Екі қолын қанат етіп жаяды). Қарлығаш боп ұшайық, (Қолын сермемей, қалықтаған қимыл жасайды). Орнымызға қонайық (Орындарына отырады). Орманның біз емшісіміз, Тоқ, тоқ, тоқ (Партаны үш рет ұрады). Құрт біткенді жоқ етеміз, Жоқ, жоқ, жоқ, (Қолдарын артқа ұстап, бастарын екі жаққа кезек бұрады). Тоқ, тоқ, тоқ, Жоқ, жоқ, жоқ. **Тәжірибе жасау: «Құс қауырсынының құрылысы қандай?»** Қарапайым тәжірибе жасайды: қауырсынды қарастырып, оның өзегі бар екенін, өзектен жіңішке талшықтардың тарайтынын айтады. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үй болып көрінер.<br><br>Тәрбиеші киіз үйдің құрал – жабдықтарымен таныстырып, қазақ халқының салт – дәстүрін байланыстыра отырып киіз үй туралы мол мағлұмат береді. - Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі). Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз | Қауырсынды суға салады, ол суланбайды деген қорытынды жасайды. Демек құстар қауырсынға бірдеңе жағады (мысалы, май). Қауырсынды бетіне тигізеді – жылы – демек, олар жылу үшін қажет. Қауырсынның ұшын кеседі – ішінде бос қуыс, демек, қауырсын жеңіл.<br>**«Жас эколог» экологиялық жоба «Жасырынбақ»:** Суреттің артына бір құс жасырынып қалған: сирақтары мен құйрығы ғана көрінеді.<br>Құсты ата (сауысқан).<br>**«Торғайға жем шаш» тапсырмасын орындайды.** Сары шымшық тұзы аз майды жақсы көреді.<br>Торғай – шемішкені, түрлі дәндерді жақсы көреді. Суықторғай – жидек жегенді ұнатады. Торғай үшін шемішкенің суретін сал.<br>**Жұмбақтар шешеді:**<br>1.Талдың басында,<br>Жемі бар қасында.<br>Там тұр саялы, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. - Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту. Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған. Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары. Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады. Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары. Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже. Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. Сандық – киім - кешек, б. б. зат салуға арналған үй | Достарға аялы. (Құс ұясы)<br>2.Тал басында түндіксіз отау (Ұя).<br>Серуен кезінде құстың ұясын көрсетіп, бақылауды ұсынады. Құстар ұясын неден жасайды? Ұя салу үшін құсқа не қажет екенін анықтау.<br>**Ойын: «Менің достарым» Шарты:** Балаларға кеспеқағаздарды таратып беріп, құстың сипаттамасын таңдайды, оны атайды. **(көркем әдебиет және Тіл дамыту)**<br>Ойын: «Оң және сол» Шарты: Оң жақтан қандай құстарды көріп тұрсың, ал сол жақтан? **(Математика негіздері)**<br>Құстардың суретін салу жолдарын үйрету**. (Сурет салу)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жиһаздары.<br>Төсеніштер: Алаша, киіз, сырмақ. Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о - - өрнек салып не кестелеп әшекейлейді.<br>Балалардың жауабы: Киіз үй құрлысын атап береді. - Кереге, шаңырақ ,,уық,, босаға, сықырлауық, табалдырық, маңдайша. Киіз үй жабдықтарын атап береді. - Іргелік, туырлық, үзік, түндік, ши, есік.**Тіл дамыту**<br>**Дидақдикалық ойын: «**Киіз үйді әшекейлеу»<br>**Шарты:**Ою өрнектермен киіз үйді әшекейлейміз<br>**құрастыру** | | | |
| Серуенге дайындық | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту<br>«Мен Отаныммен мақтанамын**!»** балалармен әңгімелесу **«Өнегелі 15 минут»** | | | | |
| Серуен | **№ 1**<br>**Ауа райын бақылау** | **№ 3**<br>**Желдің соғуын** | **№ 7**<br>**Бұлтты бақылау** | **№ 26**<br>**Топырақты бақылау** | **№10**<br>**Ағаштарды бақылау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1.«Өрмекшілер» заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;<br>2. «Ұстап ал» құрсауларды бір-біріне домалату;<br>Қ/ойын: «Орманында аюдың»<br>Тыныс алу жаттығулары: «Жапырақты ұштыр»<br>III бөлім:Баяу ойын: «Жіңішке жолмен өт»<br><br>**Музыка** .<br>Балаларға шығармаларды тыңдата отырып,түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын түсіндіру, көңіл күйді сезіне білуге талпындыру.<br>Ән тыңдау: «Шалғындағы бақбақ» (Қ. Жұмағалиев, Т. Қоңыратбаев)<br>Ән айту:<br>«Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов) Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Билейік екеуміз»<br>Сөзі мен әні:Оразбаева | қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру. II бөлім: ЖДЖ №4 Негізгі жаттығулар:<br>1. қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу;<br>2.қырлы, көлбеу тақтай бойымен жүру; **Қ/ойынның орнына эстафета: «Епті, жылдам, мықты балалар»** етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен денені тарту, алға қарай еңбектеу, кейін қарай қос аяқтап секіру, эстафета солай жалғастырылады.<br>Тыныс алу жаттығулары: «Құрсауды ұштыр» баяу ойын «Ұшты-ұшты...(жылы жаққа ұшып кететін құстарын атайды)» (қоршаған орта) | аспапты жаңбыр даусымен қосылып сілкілейді.<br>Күтілетін нәтиже: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады;<br>музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты,мазмұны туралы айтады;<br>**Қазақ тілі**<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне т,ә,н,ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Қоршаған ортадағы өсімдіктердің, атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.<br>Дайын пішіндерден | Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>**Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; II бөлім: ЖДЖ №5 Негізгі жаттығулар:**<br>1). **оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға қапшықша лақтыру; 2). 4–5 сызықтан аттап секіру**.<br>Қ/ойын: «Акула мен теңіз мекендеушілер» тыныс алу жаттығулары. III бөлім жай жүру.<br><br>**ҰІӘ міндеттері:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыруды үйрету; тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын | Әнұраным шырқалсын.<br>Елтаңбамыз жарқырап,<br>Бақытымыз асқақтас!<br><br>Сұрақ арқылы талқылау.<br>Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>– Қазақстан<br>Қазақстанның астанасы қай қала?<br>– Астана Қазақстан Республикасының Туы қандай түсті?<br>– Көк түсті Елтаңбада қандай бейнелер бар?<br>–Шаңырақ, пырақтар, жұлдыз<br>Әнұран айтылғанда қалай тұрамыз?<br>– Тік тұрамыз, қолды жүрек тұсына қоямыз<br>Біз неге Отанымызды сүюіміз керек?<br>– Өйткені ол – біздің туған жеріміз<br><br>Туды көтер» (қимылды ойын)<br>Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын дамыту, туға құрмет көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Н.М.<br>Ойын: «Жел мен жаңбыр»<br>Шарты:<br>Ортаға үрмелі және сілкімелі аспаптар қойылады.Балалар аспаптарды айналып би билеп жүреді.Кенет желдің даусы естілгенде үрмелі аспапты үрлейді. Жаңбырдың дауысы естілгенде сілкімелі аспапты жаңбыр даусымен қосылып сілкілейді.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады;<br>музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты,мазмұны туралы айтады;<br><br>**ҰІӘ міндеттері:** сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту; Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеу; суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды | **ҰІӘ міндеттері:**<br>заттарды тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету;<br>Балаларды геометриялық фигураларды (төртбұрыш) атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді дамыту.<br>Төртбұрышты заттарды сала білуге үйрете отырып, ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, ұқыпты болуға,қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Д/ойын: «Неге ұқсайды?» геом.пішін төртбұрышқа ұқсайтын заттарды айналадағы заттардан табу.**<br>**Ойын-жаттығу: «Сиқырлы қоржын»** | саңырауқұлақты қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындауды меңгерту.<br>**ҰІӘ барысы**: Бой жаза алмай, ойнай алмай<br>Денең мұздап тоңады.<br>Бөбектерім айтыңдаршы<br>Бұл қай кезде болады? (күз)<br>Сырылдатады шәйнегін,<br>Ұнатпаса да жұрт, мейлі.<br>Тереземіздің әйнегін<br>Жуады,<br>Бірақ сүртпейді.<br>(Жаңбыр)<br>Тіреумен тіреп ақырын,<br>көтеріп тұр шатырын.<br>Бұл не? (саңырауқұлақ)<br>(көркем әдебиет)<br>(көркем әдебиет)<br>Тәрбиеші саңырауқұлақ түрлерімен таныстырады (3-4) Оны жеуге болатыны туралы және улы болатынын туралы түсінік беру.<br>Қауіпсіздік ережелерін айту. | қалыптастыру.<br>Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау дағдасын дамыту<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау.<br>**ҰІӘ барысы**: Д/ойын: «Бұл қай кезде болады?»<br>Тәрбиеші балаларға доп лақтырып та сұрақ қояды мысалы: жаттығу қай кезде жасаймыз? (танертең), аспанға жұлдыздар шығады.... (түнде) т.с.с.<br>Тәрбиеші орманға баруды ұсынады. Орманда талдарды, биіктігіне, жуандығына қарай салыстырады, бұлақтан өткенде көпір жасау үшін тақтайлардан жуан тақтай таңдайды. (математика).<br>**Орманнан балабақшаға оралғасын балаларға ағаштан не жасауға болатының сұрау. (бала үні; жиһаз, ойыншық т.б.). Жиһаз құрастыруды ұсыну. (құрастыру). Құрастырған жиһазды** | Ойын шарты: Ән әуені ойналады, балалар алаңда жүреді. Музыка тоқтағанда тәрбиеші «Туды көтер!» дегенде балалар қолындағы қағаз туын жоғары көтереді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету. Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуге үйретуды жалғастыру.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>Базарға баруды ұсыну.<br>Автобуспен кележатып тіл ұстарту жаттығулар айтқызу.<br>«Рақ-рақ-рақ, Саулайды жапырақ», «Ел-ел-ел,<br><br>Соғады жел», «Үз-үз-үз, Жаңбырлы күз» «Іс-іс-іс піседі жеміс».<br>«Дай-дай-дай жинаймыз бидай»<br>(сөйлеу дамыту).<br>Базарда жемістерді атайды, жалпылауыш сөзбен атайды. | **балалар қарамай қоржынның ішінен төртбұрышты сапалау арқылы тауып шығарады, қанша тапқанын санайды. Екі баланың тапқан пішіндерін салыстырып кімнің жинағаны көп анықтайды.<br>Тәрбиеші тақтаға 5 үстел, 4 отырғыш қояды (-оқушыларға арналған парта. 5 оқушы шығарады (көжек, кірпі, тиін, тышқан, қонжық ).<br>Бір баланы шақырып оқушыларды партаға орналасуды ұсынады. Бір оқушыға орындық жетпейді. Не істеу керек? Үстел мен отырғыш тең бе?<br>Бала бір отырғыш қосады. Қалған балалар өз алдында жатқан жолақшаларда төртбұрыштар мен отырғыштарды теңестіреді. Енді тең** | (қоршаған әлеммен таныстыру). Табиғатты бүлдірмей саңырауқұлақты тамырымен жұлуға болмайтыны туралы айту.<br>Тіл ұстарту жаттығулары<br><br>Сурет бойынша қарапайым әңгіме құру. (қазақ тілі, сөйлемді дамыту)<br>.Дайын пішіндерден саңырауқұлақтарды жапсыру. | **атау. (қазақ тілі)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сурет бойынша әңгіме.құрастыру.<br>Ойын-жаттығу: «Көкөністердің қайда жатқанын айт»<br><br>Бала ортада тұрады, ал алдында, жанында артта түрлі көкөністер жатады. Тәрбиеші мынадай нұсқа береді: картоп қайда жатыр? Бала алдымда деп жауап береді (математика негіздері)<br><br>**Көкөністер мүсіндеу.** | **болды ма? (иә) (математика).**<br>**Дайын төртбұрыштарды қиялын қосып бір затқа айналдырады (мысалы күшіктің үйшігіне, үйге, кубик, үстел, отырғыш, теледидарға т.б.). (сурет салу).** | | | |
| Серуенге дайындық | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту | | | | |
| Серуен | **№17 Гүлдерді бақылау** (георгин, астра, календула)<br>Жұмбақ<br>Құлпырса қадірлейді, аялайды,<br>Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл)<br>Бақылау: гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу | **№18 Түскен жапырақты бақылау**<br>Жұмбақ Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ) Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық | **№1 9Шалшық суды бақылау**<br>Көркем сөз<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу<br>Тазалықтың досы<br>Су дегенім осы.<br>Бақылау:<br>балалардың назарын жаңбырдан<br>соң жиналатын шалшық суларға<br>аудару | **№20 Аула сыпырушының еңбегін бақылау**<br>Мақал - мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір .<br>Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек н әтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау - бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру ( сыпырғыш, қалақ, күрек, | **№21 Аспанның көк түсін бақылау**<br>Бұл біздің Туымыздың түсіне ұқсайды» деп байланыстыру. Балабақша ауласындағы гүлдер мен ағаштарды көрсету «Қазақстанымыздың табиғаты бай, әдемі» деп түсіндіру.<br>Асфальтқа бор арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (орман, бақша т.б.).<br>Күзгі гүлдердің сұлулығына қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар».<br>Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету.<br>Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға<br>тәрбиелеу.<br>Еңбек: бақшада жұмыс (жер қазу).<br>Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау.<br>Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар. «Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу».<br>Әр балаға өз еңбегіне қанағаттанарлық жұмыс жасауына көмектесу. Сөздік қорын дамыту. | өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.<br>Тәжірибе: құрғақ жапырақтардың үстімен жүру.<br>Қорытынды: жапырақтар аяқ астында сусылдайды.<br>Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт».<br>Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп,<br>кері қайту).<br>Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.<br>Еңбек: түскен жапырақтарды жинау.<br>Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырнауышпен жинап тасуды үйрету.<br>Балалардың бірігіп жұмыс істеуін қадағалау. Өз бетімен ойындар: «Жапырақты кілем».<br>Балалардың | Жаздың ыстық күнінде шалшық<br>сулардың тез сіңіп, ал күзде,<br>салқын түскенде ақырын сіңіп кететініне<br>мән бергізу<br><br>Тәжірибе<br>Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру<br>Мақсаты: кейбір заттардың суға<br>батып кететінін, ал кейбіреулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау<br><br>Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру». Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету . Еңбек: балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау, еңбектің маңыздылығын сезінуге ж әне үлкендерге көмектесуге үйрету . Өз бетімен ойындар: гимнастикалық құралдарға өрмелеу | қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Құнан шабысы » (қырғыз халқының ұлттық ойыны). Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін -бірі итермеу) үйрету . Жылдамдықпен күш жігерді дамыту .<br>Еңбек : аула сыпырушыға көмектесу . Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: доппен ойын . Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Олардың ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу . | «Қазақстанның Туы», «Күн мен қыран» суреттерін салдыру.<br>Қағаздан кішкентай ту жасап, балаларға желбіреткізу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бірлескен ойынының келісімді болуын қадағалау, бақылау. | (баспалдақ т.б.). Балалардың қосалқы ойындарға деген қызығушылықтарын дамытып, достық қарым - қатынаста ойнауға қадағалау | | |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті). | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Түлкі, түлкі, түлкішек» тақпақ жаттау (көркем әдебиет)<br><br>«Әдемі қолшатыр» сурет салу + шын жапырақты қолшатырдың үстіне жапсыру. Жапсыру кезіндегі қауіпсіздік ережелерін айту. | Әңгіме: «Жақсы-жаман» міндеті: бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуін дамыту). Жасыл алмұрт» Мақсаты: таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, мүсіндеуге үйрету. (мүсіндеу) | Дәмін татып қай жеміс екенін ата ойыны (Қоршаған әлеммен таныстыру) Жемістер жыры тақпағын жаттау.(Көркем әдебиет) | Пазл құрастыру(құрастыру) Сәбіздің суретін қию және жабыстыру (Жапсыру) Сәбіздің бейнесін мүісндеу (мүсіндеу) | Менің Отаным – Қазақстан» суретті альбомдарын қарау. (қоршаған әлеммен таныстыру)<br><br>«Менің Отаным» тақырыбында еркін сурет. (сурет салу) |
| Балалармен жеке жұмыс | Айсаяға<br>Заттардың бойымен, астымен еңбектеуге | Нұрайға<br>Үлгі мен сөздік нұсқауға сүйеніп, | Ердоғанға<br>Жеке дауысты және дауыссыз | Сағымға<br>Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың | Айсаяға<br>Рәміздердің атын, авторын үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баулу | тапсырмаларды орындауға үйрету. | дыбыстарды, еліктеу сөздерін<br>айтқызуға баулу | есімдерін атауға үйрету | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Балалардың қалауынша ертегі айту<br><br>Құрастырғышпен ойындар | «Лақтарға шөп»<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен қысқа жолақтарды қиюды үйрету. (жапсыру)<br>Респубдика күніне ән қайталап айтқызу. (музыка) | Құрастырғышпен ойындар<br><br>«Жемістер» (мүсіндеу)<br>Міндеттері: Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеуді үйрету. | Боямақтармен жұмыс<br>Міндеттері: қол ұсақ моторикасын дамыту (сурет салу)<br><br>Балалардың қалауынша ертегі айту<br>Міндеттері: кейіпкерлердің мінез-құлықтарына сипаттама беру, жақсы -жаманды айыра білуге баулу. | Құрастыру және шығармашылық бағытында балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер жасату. Кітаптар қарау, әңгімелесу. Өздерінің ертегі кейіпкері ретінде суретін салдырту, кейіпкерлердің қолданатын құралдарын мүсіндету. Ертегі кітапшасын қолдан жасату. Әр түрлі бейнелерді қиып жапсырып сәндету. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру) |
| Балалардың үйге қайтуы | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

*Аптаның дәйек сөзі: «Қазақстан – менің сүйікті елім!»*

**Мектепке дейінгі ұйым: «Көбелек» шағын орталық**
**Тобы: «Айналайын»**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 27.10- 31.10. 2025 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалармен әңгімелесу<br>Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап»<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Күй қосу<br>Күй күмбірі | Түрлі –түсті шармен қарсы алу.<br>Міндеті: Балаларға жақсы көңіл –күй сыйлау.<br>Күй қосу<br>Күй күмбірі | «Менің көңіл – күйім»<br>Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.<br>Күй қосу<br>Күй күмбірі | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.<br>Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?»<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Күй күмбірі | Көңілді әуенмен қарсы алу.<br>Міндеті: Балалардың көңілін көтер<br>Күй қосу<br>Күй күмбірі |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:<br>Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме жүргізу. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Үстел үстінде қалай отыратыны,қалай тамақтанатыны туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгімелесу. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдыландыру. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды | Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттерден тануға | «Біреу-көп»<br>Мақсаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын | «Заттың санның цифрмен сәйкестендіру»<br>Мақсаты: Зейіннің | «Қолғаптың сыңарын тап»<br>Мақсаты: Ой-өрісін | «Дөңгелек»<br>Мақсаты: Шығармашылыққа деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | дағдыландыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** | түсіндіру.<br>Тапсырмаларды орындау,ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Математика негіздері** | аударылуы, бөліну қасиеттерін дамыту.<br>Баланың сан туралы түсініктерін дамыту.<br>**Математика негіздері** | дамыту.Ойын арқылы қай жыл мезгілінде киетініміз жайында әңгімеге тарту.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** | қызығушылықтарын дамыту; тұзд<br>қамыр және оның қасиеттері турал<br>білімдерін қалыптастыру.<br>**Мүсіндеу** |
| Таңертеңгі жаттығу | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындату | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Бөліктерден ертегі кейіпкерлерін құрастыру және атап беру.<br>**Құрастыру** | «Менің ойыншықтарым»<br>М.Әлімбаев<br>Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету.<br>**Көркем әдебиет** | «Қоянның құлағы»<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Саусақ жаттығуы** | «Екі дос» (өлең)<br>Қадыр Мырза Әли<br>Мақсаты:<br>Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту** | Саусақ ойыны:<br>Саусағымда сақина<br>Санап көрші кәнеки<br>1,2,3 Бір, екі үш<br>Демалайық жинап күш.<br>Санамақтар айту.<br>**Математика негіздері** |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Міндеттері:** Тыныс алу мен дем шығару актілерін реттеуді үйрету. Сапта жүрген кезде бағытты өзгерту қабілетін жетілдіру. Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету және сапқа тұрған кезде кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап секіруге жаттығуды жалғастыру. Бір уақытта екі | **Міндеттері:** Қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік пен икемділік қабілетін дамыту.<br>**Ұйымдастырылған іс-** | **Міндеттері:** Балаларға ертегі кейіпкерлерін реттілігімен қағаз бетіне орналастыруды үйрету.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>– Балалар, мен бүгін қонаққа ертегіші Ерден атаны шақырып едім. Ол кісі де келіп қалар. Келгенше мен бір жұмбақ жасырайын, соны шешіп көріңдерші.<br>Өзі айлакер, өзі қу, Жүрген | **Міндеттері:** Допты заттардың арасымен домалатқан кезде доп траекториясы бағытын өзгертуді үйрету. Допты қол саусақтарымен қатты күш салмай ақырын итеріп жіберу қабілетін дамыту. Бір орында секіруге, оң және сол жаққа бұрылуға жаттықтыру, екі | **Міндеттері:** Бұрынғы үйренген әд<br>тәсілдерді өз еріктерімен қолдана<br>білу дағдыларын қалыптастыру; ұс<br>қол қимылдарын, ойлау қабілетін<br>дамыту, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет «Бауырсақ» ертегісінен басталады<br>– Балалар, бұл қай ертегі? Педагог<br>жабайы аңдардың суреттерін (аю,<br>түлкі, қоян, қасқыр т.б.) көрсетіп,<br>балалармен олардың тіршілігі,<br>мекені, қорегі туралы әңгімелейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқпен бірдей еденнен серпіліп секіру қабілетін қалыптастыру. Еденнен бір уақытта қос аяқпен екпінмен секіру қабілетін нығайту. Өз организмін күтуге үйрету. Самокат тебу және секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Ойын түрінде бір-бірден тізбекке тұру, «Өз орныңды тап!» ойыны. Тізбектегі қашықтыққа назар аудару. Бағытын ауыстыру арқылы бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру. Екі тізбекке тұру.<br>**Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.**<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау:**<br>1.«Шыршалар, шырша бүрі, қояндар». Организмді шынықтырамыз.<br>2.Спорттық жаттығулар – самокат тебу.<br>«Мұрныңды тауып көрсет». Мұрынмен жасалатын ойындық жаттығулар. «Мұрныңа серуенге дайындалуға | **әрекет:**<br>Бір-бірден тізбекке тұру. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – аяқ пен қол шынайы, жеңіл қозғалады. Екі тізбекке тұру.<br>**Қол шапалақтап жалпы дамыту жаттығуларын орындау.**<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау.**<br>1.Ойын түріндегі жаттығу: «Секір-бұрыл» Бір орында тұрып оңға және солға бұрылып секіру. Бұрылып секіру техникасын түсіндіру: еденнен аяқтарымен екпінмен итерілу, бұрылу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру.<br>2. «Кім епті?» ойыны – 1-2-3 доғалдарының астымен ізбе-із өту.<br>Үш доғаның астымен еңбектеп өту.<br>Тізбектердің арасына екі қатарға үш доғалдан қойылады.<br>Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамытуға арналған ойын: | жері айқай-шу.<br>(Түлкі)<br>**Негізгі кезең**<br>Осы кезде есік қағылып, бөлмеге Ерден ата кіреді. Балалар сәлемдесіп, Ерден атайды қарсы алады.<br>Ерден ата:<br>– Балалар, мені таныдыңдар, ма?<br>Бүгін қандай ертегі тыңдағыларың келеді?<br>– Біздің балалар түлкі жайында көп ертегі білетіндерін сіз келгенше айтып та үлгерді.<br>Сіз түлкі жайлы тағы қандай ертегі бар екенін айтып берсеңіз?<br>Ерден ата:<br>– Ой, балалар, түлкі жайлы ертегілер өте көп.<br>«Түлкі мен ешкі», «Алты түлкі», «Сазайын тартқан түлкі», «Түлкі мен жолбарыс», «Түлкі мен қоян». Осылардың қайсысын тыңдағыларың келеді? Ерден ата ертегіні мәнерлеп, қызықтыра айтып береді.<br>Педагог:<br>– Түлкінің құйрығы ұзын, қоянның құйрығы қысқа болып қалғанын | аяқпен бір уақытта жерден серпіле секіріп, оңға, солға бұрылу және айналу қабілетін нығайту. Зейінін, үйлестіру қабілетін дамыту. Салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Дені сау, салауатты болу, ауырмай, күшті әрі шапшаң болу үшін не істеу керек деген тақырыпта қысқаша әңгімелесу.<br>**Негізгі кезең**<br>Тізбекте бір-бірден, екіден жүру және жүгіру жаттығуларын орындау. **Ойын түріндегі жаттығу: «Мен сияқты жаса!»**<br>**Шарты:** қолды әртүрлі қалыпта ұстап реттеу жаттығуларын орындау.<br>Шапалақтау арқылы жалпы дамыту жаттығуларын орындау<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Орын | Ойыншық түлкіні балаларға көрсет<br>– Қараңдаршы, мынау – түлкі.<br>Ал түлкінің баласын «жәутік» деп атайды.<br>– Түлкінің түсі қандай?<br>– Құйрығы қандай?<br>– Жақсы, балалар, ертегідегі түлкі мен бауырсақтың кездесуін еске түсірейік. Ешкімге алданбаған бауырсақ түлкіге қалай алданды?<br>**Негізгі кезең**<br>Түлкінің дене бөліктерін, жасалу жолын көрсету. Педагог жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі. Шаршыны кесу сызы арқылы екі бөлікке бөлеміз. Үлкен үшбұрыш –денесі. Кішкентай үшбұрыштардың біреуі – басы, жоғарыдағы екеуі –құлағы. Сопақша – құйрығы.<br>**Сергіту сәті: «Көлеңке» қимылды ойыны**<br>Көлбең-көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Түлкі қала жүреді,<br>Кім көрсете біледі?<br>– Ал, балалар, біраз сергіп алдық, е жұмысымызды жалғастырайық. Түлкінің қалған бөліктерін қиып алайық. Қиып дайындаған бөлікте қағаз бетіне орналастырамыз.<br>**(жапсыру,математика негіздері, көркем әдебиет)**<br>Әр түрлі ойыншықтарды алып ойыннан балалардың өз қалаулары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмектес». «Мұрын қыдырып жүреді». Педагог мұрынға қыдыруға кедергі келтірмес үшін ауызды мықтап жабуды ұсынады.<br>«Мұрын еркелейді».<br>«Мұрын жұпар иіс иіскейді».<br>«Мұрын өлең айтады».<br>«Мұрнымызды жылытамыз».<br>«Мұрын үйге қайтады».<br>«Көбелек» тыныс алу жаттығуы.<br>Шарты: Әр баланың алдында жіпке «көбелек» орнатылған. «Көбелек» ұшуы үшін оған үрлеп «жан бітіруге» шақырады.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын»<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа баулу.<br>Ойын: «Кім келді?»<br>Шарты: Шапшаң жауап беруге ынталандыру.<br>**(дене тәрбиесі, Тіл дамыту)**<br>Балаларға бүгін қуыршақ театрын тамашалайтынымызды хабарлап «Бауырсақ ертегісі» желісі бойынша айтылған әнді қайталап айтқызу, ертегі туралы | «Кегельді құлат».<br>**Мақсаты:** Ойын тәртібін сақтау.<br>«Қарынға массаж жасайын» ойыны.<br>Шарты: Шалқасынан жатады. Сағат тілінің бойымен қарнын сипайды.<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Міндеті: сөздер мен сөйлемдерді дұрыс түсінуді және қолдануды үйрету.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Қонаққа бауырсақ келуін ұйымдастырумен балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету.<br>Бауырсаққа арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, музыкаға би белеуін ұйымдастыру. Қимылды ойын ойнату.<br>«Бауырсақ» ертегісін теледидардан тамашалау. **(Тіл дамыту, қазақ тілі,музыка)**<br><br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** | естідіңдер, енді осы құйрығы ұзын айлакер түлкіні біз Ерден атаға салып көрсетсек қайтеді?<br>– Алдымен қара қарындашпен өзімізге таныс геометриялық фигуралардың көмегімен түлкі немесе қоянның сұлбаларын салып аламыз. Бірінші, тұтас денесін салу үшін сопақша пішін салып аламыз, одан кейін кіші сопақшалардан алдыңғы аяқтарын саламыз, түлкіге конус пішінді қолдана отырып көйлек кигізсек, ал дөңгелек пен сопақша пішінді қолдана отырып қоянның аяқтарын жасаймыз. Кіші сопақшаларды қолдана отырып түлкінің табандарын, қолдарын жасаймыз. Қоянды да дәл солай саламыз.<br>Айтыңдаршы, балалар, түлкінің құлағы ұзын ба, әлде қоянның құлағы ұзын ба?! Онда ұзынша сопақшаны қолданып қоянның құлақтарын жасайық, ал түлкінің құлақтарын жасау үшін кіші үшбұрыштарды | алмасыңдар»<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:**<br>1.Бір қатарға арасы 1 метр қашықтықпен қойылған 5 заттың арасымен доптарды домалату.<br>2. Бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру.<br>Допты кегельдер арасымен домалатқан кезде балалардың арақашықтықтарын сақтауын қадағалау.<br>**Ойын: «Көгершінді қуып жет»**<br>**Шарты:** Көгершіннің макетімен залды айналып жүгіру, балаларды макеттің соңынан жүгіріп, белсенді қимылдауға ынталандыру.<br>Ойын: «Кім зейінді?» Балалардың зейінін арттыру.<br>**(дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>Дидактикалық ойын «Қай ертегіден?» | бойынша ертегі құрастыру дағдыс<br>дамыту. Жануарлардың қимылы м<br>дауыстарын салу қабілеттерін жетілдіру. **(қазақ тілі, құрастыру)**<br>«Даусынан таны» ойынын ұйымдастыру.<br>Мақсаты: Жануарлардың дауысын ажырата білуге дағдыландыру.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**№24**<br>**Ат жарыс**<br><br>Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.<br>Ойын шарты: Балалала тәрнбиешін «Алға»-деген белгісі бойынша,ат үстіндегі қимылын салып жарысады.Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді.Сол команда жеңімп болады.Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету<br>К\Құралдар: Екі командаға аттың кескін бетпердесі.<br>Үй артында қол ағаш<br>**«ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»**<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс<br>әрекет етуге үйрету.<br>Міндеттері:<br>Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пікірлерін сұрау. **(Тіл дамыту)**<br>Кітаптар арасынан «Бауырсақ» ертегісінің кітабын табу ондағы суреттерге қарап ертегі айту дағдысын қалыптастыру.<br>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап?» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»№14**<br>**Алақан соқпақ**<br>Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да дөңгелене отырады.Орталарынан бастаушы белгілейді.Оған сүлгі (орамал)беріледі.Бастаушы шеңбер ішін айнала жүріп біреуге –Алақанды тос!- дейді.Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сүлгіні тигізіп-Сүлгі қайда?- деп сұрайды.Сонда ойыншы «анада» -деп бір баланың атын атайды.АКты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын | **№16Сақина жасыру**<br>Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерініғң үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. | қолданамыз. Түлкінің құйрығы ұзын, ал қоянның құйрығы кішірек екенін білесіңдер. Суретіміз дайын болса, қылқаламның көмегімен түлкі немесе қоянды түрлі түспен бояп, суретті көңілді ете түсейік. Жұмыс барысында педагог кейбір балаларға жеке нұсқау береді, көмектеседі.<br>Жұмыс аяқталғанда Ерден ата балалардың жұмысына ризашылығын білдіріп, ішінен ең таңдаулы жұмыстардың бірнешеуін алып, басқа балабақшадағы балаларға апарып көрсететінін айтады.<br>**Сергіту сәті**<br>Күнге қарайық,<br>Шашымызды тарайық.<br>Керіліп дем алып,<br>Бойымызды жазайық.<br>**(сурет салу)**<br>Тағы да қандай басқа ертегі түрлерін білесіңдер?<br>Үш торай мульфилимін тамашалау. Балалардың ойын тыңдау арқылы сөйлеуін дамыту. **(Тіл дамыту)** Құрастыру материалдарынан үйшік | арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салыстыру үлкен - кіші **(математика негіздері)**<br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)**<br>**Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.<br><br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»№18**<br>**Арқан түю.**<br>Балалар шеңбер жасап тұрады.<br>Қолында арқаны бар жүргізуші топ арасынан шығады да:-ойын бастайды – деп дауыстайды.Сонан соң арқанның түйілмеген басын | баллондары) таныстыру.<br>Балаларға бұл заттардың неге қауі екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру.<br>Балаларды қауіпті заттардың жанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету.<br>Материалдар мен ресурстар:<br>Қауіпті заттардың суреттері немесе иллюстрациялары (дәрілер, тұрмыстық<br>химия, газ баллондары).<br>Әртүрлі жағдайлар бейнеленген карточкалар.<br>Ұйымдастырылғаніс-әрекет:<br>Балаларды қарсы алу.<br>Педагог балаларды қарсы алып, бү олар үйде қандай заттар қауіпті бо мүмкін екенін және олардың жанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру.<br>Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру.<br>Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме<br>Дәрі-дәрмектер:<br>Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екені түсіндіру.<br>Дәрілерді ешқашан өздігінен алма және тіпті олар кәмпитке ұқсаса дадәмін<br>көрмеу.<br>Тұрмыстық химия:<br>Жуу құралдары, ағартқыштар, таза |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тосады.Бастаушы-сүлгі қайда?-деп атын айтады.Ойын осы ретпен жалғаса береді.Жақсы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды<br><br>**Музыка**<br>Музыка тыңдау кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру.<br>Ән тыңдау:<br>«Мен алманы жақсы көремін» .Д.Қиқымов<br>Ән айту: «Апорт деген тәтті алма»<br>Аспапта ойнау:«Көңілді оркестр»<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жапырақтар биі»<br>Ойын:<br>«Музыка және театр»<br>Шарты: Балалармен бірге көлеңке театрына саяхат жасап, музыкамен байланыстыру.Берілген суреттерге қарап, қолдарын икемдеу және әуенмен ырғақты қозғалысқа келтіру.Қиялға ерік беру.<br>Күтілетін нәтиже: Әнді топпен бастап, топпен | | жасауға көмектесу<br>**(құрастыру)**<br>**Музыка**<br>Қайталау<br>Музыка тыңдау кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру.<br>Ән тыңдау:<br>«Мен алманы жақсы көремін» .Д.Қиқымов<br>Ән айту: «Апорт деген тәтті алма»<br>Аспапта ойнау:«Көңілді оркестр»<br>Музыкалық -ырғақты қимыл:<br>«Қуыршақтармен би»<br>Ойын:<br>«Музыка және театр»<br>Шарты: Балалармен бірге көлеңке театрына саяхат жасап,музыкамен байланыстыру.Берілген суреттерге қарап,қолдарын икемдеу және әуенмен ырғақты қозғалысқа келтіру. Қиялға ерік беру. Күтілетін нәтиже:<br>Әнді топпен бастап, топпен аяқтайды;Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды | ұстан шеңбер бойымен айналады,арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді.балалар арқан үстімен секіріп тұрады.Кімде-кімнің аяғына арқан ілініп, секіре алмай қалса ол бала ойынды тоқтатып өнер көрсетеді,тақпақ,өлең айтады немесе билеп береді.Ойын осылай жалғаса береді. | құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмк екенін түсіндіру.<br>Ешқашан тұрмыстық химияны ерес адамдарсыз ашып, қолданбау.<br>Газ баллондары:<br>Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса қауіпті болуы<br>мүмкін екенін түсіндіру.<br>Баллондармен ойнамау және олар әсіресе жабық орындарда шашпау<br>Сюжеттік-рольдік ойындар:<br>Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату.<br>Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ<br>баллонын тауып алады.<br>Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау.<br>Ережелерді қайталау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтайды; Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі; Би қимылдарын орындайды. | | біледі; Би қимылдарын орындайды. | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге ойын құралдарын дайындау. «Қоғамдық мүлікті қорға!» «Балабақша өз үйім» Әңгімелесу | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа-рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. |
| Серуен | **№ 28**<br>**Бірінші қатқақты бақылау**<br>**Мақсаты:** Сыртқы белгілерге қарап ауа райының күйін анықтауға үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқақты) бақылау: күзгі ауа райымен салыстыру.<br>***Қимылды ойыны*** **«Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны)**<br>***Мақсаты:*** Жануардың рөлін таңдауға және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу.<br>***Еңбек:*****Бұтақтарды жинау.**<br>***Мақсаты:*** Жиын бойынша жұмыста жанашырлық таныту. Табиғат бұрышының мекендеушілеріне сүйіспеншілігін дамыту. | **№ 30**<br>**Алғашқы түскен қарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігі сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойыны: «Сұр қоян жуынды»**<br>**Мақсаты:** Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек: «Бөлме өсімдіктерін күту»**<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің басқаруымен балалар пайдалы іспен | **№ 26**<br>**Топырақты бақылау**<br>**Мақсаты:** Ауа райына байланысты топырақтың касиетін көруге үйрету. Топырақ жылы, күнге жылынған: құрап қалған; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жер де суыйды, оны күрекпен қазуға болмайды, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, үзіліп қалады.<br>**Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар»**<br>**Мақсаты:** Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өтуді бекіту; әр түрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойынша (отырды, ізде жем және т.б.) орын ауыстыруға | **№ 29**<br>**Шалшық судағы мұз қабықшасын бақылау**<br>**Мақсаты:** Мұз бастапқыда мөлдір, жұқа шынydай жалтыр нәзік. Температураның төмендеуі кезінде су мұзға айналуын ескеріп, қорытынды жасау.<br>**Тәжірибе: Шалшықты айналып өту.**<br>**Қимылды ойын: «Өзіне жұп табу»**<br>**Мақсаты:** Сигнал бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу.<br>**Еңбек: Ағаштардың** | **№ 27**<br>**Жапырақтардың толық түсуін бақылау**<br>**Мақсаты:** Өсімдіктер дүниесінің маусымды өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру: жалаңаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қанда болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және тбиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Соқыр теке» ойыны» (орыс ұлттық ойыны)**<br>**Мақсаты:** Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау.<br>**Еңбек: Ауладағы жұмыс**<br>**Мақсаты:** Жапырақтарды тырмауышпен жинауды үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар:**<br>Түскен жапырақтардан оюлар,затт құрастыру, шығармашылықтарын,фантазияла |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өз бетімен ойындар:** Ойын таңдауда,ойға алғанын іске асыруда дербестігін дамыту, белсенді болу. | оранжерияларда, қысқы бақтарда айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: өлшемді суару, гүл сауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сүрту. **Өз бетімен ойындар:** Шашақтармен ойын. | қадағалау, сигнал бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету. **Еңбек: Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар:** Әртүрлі ойындарға және ойнай білу қызығушылығын дамыту. | **жанында түскен бұтақтарды жинау Мақсаты:** Берілген жұмысты жауапкершілікпен атқару. **Өз бетімен ойындар:** Зырылдауықтармен ойын. Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | дамыту. |
| Серуеннен оралу | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі **Тіл дамыту** | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. **Дене тәрбиесі** | Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. | Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету. **Дене тәрбиесі** | Балалардың ұйымшылдықпен топ оралуы киімдерін шешіп шкафтары орналастыру. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Бауырсақтың көлемін ажырату ойыны **(математика негіздері)** Балалардың таңдауы бойынша бауырсақты ермексаздан жасау. | Ертегі кейіпкерлерінің түстерін атау **(математика негіздері)** Бауырсаққа үй құрастыру құрастырмалы ойынышықтардан. **(құрастыру)** Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау. **(жапсыру)** | **В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** Тақырыбы: «Су асты патшалығы» Міндеті: Балалардың өзен балықтары туралы білімдерін бекіту. Логикалық ойлауын, іздену іс-әрекетін дамыту, Өз бетімен проблеманы шешіп, қорытынды жасауға үйретуды жалғастыру. Айналадағы әлемді зерттеуге қызығушылығын арттыру, қоршаған ортаға | Үш торай және бауырсақ ертегілерін тыңдау дағдыларын пысықтау. **(Тіл дамыту)** **«Адалдық алаңы» Мультфильм қарау** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі тыңдау дағдысын қалыптастыру. **(Тіл дамы** Балалардың таңдауы бойынша ерт кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау. Дайы пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау **(су салу, мүсіндеу, жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>суреттер, тақта, бейне жазылым, тәжірибеге керекті құралдар: банкілер, түбі кесілген баклашкілер, мақта, марля, сачок, аквариум.<br>ҰІӘ:<br>1.№8. шаттық шеңбері.<br>2. Балалардың өзен балықтары туралы білімдерін бекіту.<br>3. Айналадағы әлемді зерттеуге қызығушылығын арттыру.<br>4. Бейне жазылым көрсету.<br>5. Сергіту сәті.<br>6. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.**)** | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Нұрайға<br>Заттардың бойымен, астымен еңбектеуге баулу | Ердоғанға<br>Үлгі мен сөздік нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға үйрету. | Сағымға<br>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айтқызуға баулу | Айсаяға<br>отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атауға үйрету | Ердоғанға тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдануға үйрету<br>өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтқызу |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. | Балаларды табиғатпен таныстыру. |
| Серуен | № 28 | № 30 | № 26 | № 29 | № 27 |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Балаларға таныс "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, олардың қатысу ниеттерін дамыту. Таныс ертегі қойылымын жасату. **(Тіл дамыту)** | Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды (бас, аяқтар, қолдар). ойыншықтарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруын үйретіп дамыту **(математика негіздері)** | Топтағы гүлдерді санау, салыстыру, күтім жасау құралдарын салыстыру, санату **(математика негіздері)** | Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастырту **(құрастыру)** **Экологиялық тәрбие**<br><br>Ғажайып қоржын бейнесіне оюларды қиып жапсырту. (**жапсыру)** | Дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын бекі бойынша ертегі кейіпкерлеріне ар үйлерді құрастыру, бейнесін жасат суретін салдырту. **(құрастыру, мүсіндеу, сурет салу)** |
| Балалардың үйге қайтуы | «Баланы суықтап қалудан сақтандыру» кеңес беру. | Жаңадан келген баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме. | «Балаңызды балабақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек?» әңгіме. | Бала тілінің дамуы жайлы әңгімелесу. | Бала демалыс күні немен айналысатыны туралы пікірлесу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Құндылық – **Әділдік және жауапкершілік**

*Аптаның дәйек сөздері: «Әділ болсаң – ардақты боласың»*

**Білім беру ұйымы:»Көбелек» шағын орталық**
**Тобы:»Айналайын» ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 03.11 - 07.11.2025 жыл**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалармен әңгімелесу Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Күй қосу Күй күмбірі | Түрлі –түсті шармен қарсы алу. Міндеті: Балаларға жақсы көңіл –күй сыйлау. Күй қосу Күй күмбірі | «Менің көңіл – күйім» Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Күй қосу Күй күмбірі | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Күй күмбірі | Көңілді әуенмен қарсы алу. Міндеті: Балалардың көңілін көтеру. Күй қосу Күй күмбірі |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме жүргізу. | Ата-аналармен әңгіме: Үстел үстінде қалай отыратыны,қалай тамақтанатыны туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен әңгіме: Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгімелесу. | Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібінің үлгісін сақтауға дағдыландыру. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттерден тануға дағдыландыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** | «Біреу-көп» Мақсаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау,ойлау қабілеттерін дамыту. **Математика негіздері** | «Заттың санның цифрмен сәйкестендіру» Мақсаты: Зейіннің аударылуы, бөліну қасиеттерін дамыту. Баланың сан туралы түсініктерін дамыту. **Математика негіздері** | «Қолғаптың сыңарын тап» Мақсаты: Ой-өрісін дамыту.Ойын арқылы қай жыл мезгілінде киетініміз жайында әңгімеге тарту. **Қоршаған әлеммен таныстыру** | «Дөңгелек» Мақсаты: Шығармашылыққа деген қызығушылықтарын дамыту; тұзды қамыр және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. **Мүсіндеу** |
| Ертеңгілік жаттығу | Қараша айына арналған Ертеңгілік жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындату | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Бөліктерден ертегі кейіпкерлерін құрастыру және атап беру. **Құрастыру** | «Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев Өлең жолдарын түсіне | «Қоянның құлағы» Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен | «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли Мақсаты: Құрдастарымен | Саусақ ойыны: Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету.<br>**Көркем әдебиет** | Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Саусақ жаттығуы** | қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту** | Демалайық жинап күш.<br>Санамақтар айту.<br>**Математика негіздері** |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері:** Тыныс алу мен дем шығару актілерін реттеуді үйрету. Сапта жүрген кезде бағытты өзгерту қабілетін жетілдіру. Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету және сапқа тұрған кезде кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап секіруге жаттығуды жалғастыру. Бір уақытта екі аяқпен бірдей еденнен серпіліп секіру қабілетін қалыптастыру. Еденнен бір уақытта қос аяқпен екпінмен секіру қабілетін нығайту. Өз организмін күтуге үйрету. Самокат тебу және секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Ойын түрінде бір-бірден тізбекке тұру, «Өз орныңды тап!» ойыны. Тізбектегі қашықтыққа назар аудару. Бағытын ауыстыру арқылы бір- | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері:** Қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік пен икемділік қабілетін дамыту.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Бір-бірден тізбекке тұру. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – аяқ пен қол шынайы, жеңіл қозғалады. Екі тізбекке тұру.<br>**Қол шапалақтап жалпы дамыту жаттығуларын орындау.**<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау.**<br>1.Ойын түріндегі жаттығу: «Секір-бұрыл» Бір орында тұрып оңға және солға бұрылып секіру. Бұрылып секіру | **Міндеттері:** Балаларға ертегі кейіпкерлерін реттілігімен қағаз бетіне орналастыруды үйрету.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>– Балалар, мен бүгін қонаққа ертегіші Ерден атаны шақырып едім. Ол кісі де келіп қалар. Келгенше мен бір жұмбақ жасырайын, соны шешіп көріңдерші.<br>Өзі айлакер, өзі қу, Жүрген жері айқай-шу.<br>(Түлкі)<br>**Негізгі кезең**<br>Осы кезде есік қағылып, бөлмеге Ерден ата кіреді. Балалар сәлемдесіп, Ерден атайды қарсы алады.<br>Ерден ата:<br>– Балалар, мені танидыңдар, ма?<br>Бүгін қандай ертегі тыңдағыларың келеді?<br>– Біздің балалар түлкі жайында көп ертегі білетіндерін сіз келгенше айтып та үлгерді.<br>Сіз түлкі жайлы тағы қандай ертегі бар екенін айтып берсеңіз? | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері:** Допты заттардың арасымен домалатқан кезде доп траекториясы бағытын өзгертуді үйрету. Допты қол саусақтарымен қатты күш салмай ақырын итеріп жіберу қабілетін дамыту. Бір орында секіруге, оң және сол жаққа бұрылуға жаттықтыру, екі аяқпен бір уақытта жерден серпіле секіріп, оңға, солға бұрылу және айналу қабілетін нығайту. Зейінін, үйлестіру қабілетін дамыту. Салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Дені сау, салауатты болу, ауырмай, күшті әрі шапшаң болу үшін не істеу керек деген тақырыпта қысқаша әңгімелесу. | **Міндеттері:** Бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет «Бауырсақ» ертегісінен басталады.<br>– Балалар, бұл қай ертегі? Педагог жабайы аңдардың суреттерін (аю, түлкі, қоян, қасқыр т.б.) көрсетіп, балалармен олардың тіршілігі, мекені, қорегі туралы әңгімелейді. Ойыншық түлкіні балаларға көрсетіп:<br>– Қараңдаршы, мынау – түлкі.<br>Ал түлкінің баласын «жәутік» деп атайды.<br>– Түлкінің түсі қандай?<br>– Құйрығы қандай?<br>– Жақсы, балалар, ертегідегі түлкі мен бауырсақтың кездесуін еске түсірейік. Ешкімге алданбаған бауырсақ түлкіге қалай алданды?<br>**Негізгі кезең**<br>Түлкінің дене бөліктерін, жасалу жолын көрсету. Педагог жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі. Шаршыны кесу сызығы арқылы екі бөлікке бөлеміз. Үлкен үшбұрыш –денесі. Кішкентай үшбұрыштардың біреуі – басы, жоғарыдағы екеуі –құлағы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірден тізбекте жүру, жүгіру. Екі тізбекке тұру.<br>**Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау:**<br>1.«Шыршалар, шырша бүрі, қояндар». Организмді шынықтырамыз.<br>2.Спорттық жаттығулар – самокат тебу.<br>«Мұрныңды тауып көрсет». Мұрынмен жасалатын ойындық жаттығулар. «Мұрныңа серуенге дайындалуға көмектес». «Мұрын қыдырып жүреді». Педагог мұрынға қыдыруға кедергі келтірмес үшін ауызды мықтап жабуды ұсынады.<br>«Мұрын еркелейді».<br>«Мұрын жұпар иіс иіскейді».<br>«Мұрын өлең айтады».<br>«Мұрнымызды жылытамыз».<br>«Мұрын үйге қайтады».<br>«Көбелек» тыныс алу жаттығуы.<br>Шарты: Әр баланың алдында жіпке «көбелек» орнатылған. «Көбелек» ұшуы үшін оған үрлеп «жан бітіруге» шақырады.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын»<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа баулу.<br>Ойын: «Кім келді?»<br>Шарты: Шапшаң жауап | техникасын түсіндіру: еденнен аяқтарымен екпінмен итерілу, бұрылу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру.<br>2. «Кім епті?» ойыны – 1-2-3 доғалдарының астымен ізбе-із өту.<br>Үш доғаның астымен еңбектеп өту.<br>Тізбектердің арасына екі қатарға үш доғалдан қойылады.<br>Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамытуға арналған ойын: «Кегельді құлат».<br>**Мақсаты:** Ойын тәртібін сақтау.<br>«Қарынға массаж жасайын» ойыны.<br>Шарты: Шалқасынан жатады. Сағат тілінің бойымен қарнын сипайды.<br>**(Дене тәрбиесі)**<br>Міндеті: сөздер мен сөйлемдерді дұрыс түсінуді және қолдануды үйрету.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Қонаққа бауырсақ келуін ұйымдастырумен балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету.<br>Бауырсаққа арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, | Ерден ата:<br>– Ой, балалар, түлкі жайлы ертегілер өте көп.<br>«Түлкі мен ешкі», «Алты түлкі», «Сазайын тартқан түлкі», «Түлкі мен жолбарыс», «Түлкі мен қоян». Осылардың қайсысын тыңдағыларың келеді? Ерден ата ертегіні мәнерлеп, қызықтыра айтып береді.<br>Педагог:<br>– Түлкінің құйрығы ұзын, қоянның құйрығы қысқа болып қалғанын естідіңдер, енді осы құйрығы ұзын айлакер түлкіні біз Ерден атаға салып көрсетсек қайтеді?<br>– Алдымен қара қарындашпен өзімізге таныс геометриялық фигуралардың көмегімен түлкі немесе қоянның сұлбаларын салып аламыз. Бірінші, тұтас денесін салу үшін сопақша пішін салып аламыз, одан кейін кіші сопақшалардан алдыңғы аяқтарын саламыз, түлкіге конус пішінді қолдана отырып көйлек кигізсек, ал дөңгелек пен сопақша пішінді қолдана отырып қоянның аяқтарын жасаймыз. Кіші сопақшаларды қолдана отырып түлкінің табандарын, қолдарын жасаймыз. Қоянды да дәл солай саламыз. | **Негізгі кезең**<br>Тізбекте бір-бірден, екіден жүру және жүгіру жаттығуларын орындау. **Ойын түріндегі жаттығу: «Мен сияқты жаса!»**<br>**Шарты:** қолды әртүрлі қалыпта ұстап реттеу жаттығуларын орындау.<br>Шапалақтау арқылы жалпы дамыту жаттығуларын орындау<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Орын алмасыңдар»<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:**<br>1.Бір қатарға арасы 1 метр қашықтықпен қойылған 5 заттың арасымен доптарды домалату.<br>2. Бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру.<br>Допты кегельдер арасымен домалатқан кезде балалардың арақашықтықтарын сақтауын қадағалау.<br>**Ойын: «Көгершінді қуып жет»**<br>**Шарты:** Көгершіннің макетімен залды айналып жүгіру, балаларды макеттің соңынан жүгіріп, | Сопақша – құйрығы.<br>**Сергіту сәті: «Көлеңке» қимылды ойыны**<br>Көлбең-көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Түлкі қалай жүреді,<br>Кім көрсете біледі?<br>– Ал, балалар, біраз сергіп алдық, енді жұмысымызды жалғастырайық. Түлкінің қалған бөліктерін қиып алайық. Қиып дайындаған бөліктерді қағаз бетіне орналастырамыз.<br>**(жапсыру,математика негіздері, көркем әдебиет)**<br>Әр түрлі ойыншықтарды алып ойыннан балалардың өз қалаулары бойынша ертегі құрастыру дағдысын дамыту. Жануарлардың қимылы мен дауыстарын салу қабілеттерін жетілдіру. **(қазақ тілі, құрастыру)**<br>«Даусынан таны» ойынын ұйымдастыру.<br>Мақсаты: Жануарлардың дауысын ажырата білуге дағдыландыру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br>**№24**<br>**Ат жарыс**<br><br>Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.<br>Ойын шарты: Балалала тәрнбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша,ат үстіндегі қимылын салып жарысады.Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді.Сол команда жеңімпаз болады.Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.<br>К\Құралдар: Екі командаға аттың кескін бетпердесі.<br>Үй артында қол ағаш<br>**«ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»**<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беруге ынталандыру.<br>**(Дене тәрбиесі, Тіл дамыту)**<br>Балаларға бүгін қуыршақ театрын тамашалайтынымызды хабарлап «Бауырсақ ертегісі» желісі бойынша айтылған әнді қайталап айтқызу, ертегі туралы пікірлерін сұрау. **(Тіл дамыту)**<br>Кітаптар арасынан «Бауырсақ» ертегісінің кітабын табу ондағы суреттерге қарап ертегі айту дағдысын қалыптастыру.<br>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап?» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету.<br>**(көркем әдебиет)**<br>**Музыка** – Қайталау.<br>Ән айтуда қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.<br>Ән тыңдау: «Көк тудың желбірегені» Е.Ибрагим.<br>Ән салу:«Қазақстан» С.Мұхаммеджанов Аспапта ойнау:<br>«Домбыра ұстап үйренеміз» Музыкалық - ырғақты қимыл:<br>«Қуыршақтармен би»<br>Ойын:<br>«Қай аспап ұнайды»<br>Шарты: Балалар өздеріне ұнайтын<br>аспапты таңдап алып, | музыкаға би белеуін ұйымдастыру. Қимылды ойын ойнату.<br>«Бауырсақ» ертегісін теледидардан тамашалау. **(Тіл дамыту, қазақ тілі,музыка)**<br><br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**№16Сақина жасыру**<br>Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерініғ үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. | Айтыңдаршы, балалар, түлкінің құлағы ұзын ба, әлде қоянның құлағы ұзын ба?! Онда ұзынша сопақшаны қолданып қоянның құлақтарын жасайық, ал түлкінің құлақтарын жасау үшін кіші үшбұрыштарды қолданамыз. Түлкінің құйрығы ұзын, ал қоянның құйрығы кішірек екенін білесіңдер. Суретіміз дайын болса, қылқаламның көмегімен түлкі немесе қоянды түрлі түспен бояп, суретті көңілді ете түсейік. Жұмыс барысында педагог кейбір балаларға жеке нұсқау береді, көмектеседі. Жұмыс аяқталғанда Ерден ата балалардың жұмысына ризашылығын білдіріп, ішінен ең таңдаулы жұмыстардың бірнешеуін алып, басқа балабақшадағы балаларға апарып көрсететінін айтады.<br>**Сергіту сәті**<br>Күнге қарайық,<br>Шашымызды тарайық.<br>Керіліп дем алып,<br>Бойымызды жазайық.<br>**(сурет салу)**<br>Тағы да қандай басқа ертегі түрлерін білесіңдер? Үш торай мульфилімін тамашалау. Балалардың ойын тыңдау арқылы сөйлеуін дамыту. **(Тіл** | белсенді қимылдауға ынталандыру.<br>Ойын: «Кім зейінді?» Балалардың зейінін арттыру.<br>**(Дене тәрбиесі,қоршаған ортамен танысу)**<br>Дидактикалық ойын «Қай ертегіден?» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салыстыру үлкен - кіші **(математика негіздері)**<br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)**<br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»№18 Арқан түю.**<br>Балалар шеңбер жасап тұрады.<br>Қолында арқаны бар жүргізуші топ арасынан шығады да:-ойын бастайды – деп дауыстайды.Сонан соң арқанның түйілмеген басын ұстан шеңбер | мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс<br>әрекет етуге үйрету.<br>Міндеттері:<br>Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ<br>баллондары) таныстыру.<br>Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру.<br>Балаларды қауіпті заттардың жанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету.<br>Материалдар мен ресурстар:<br>Қауіпті заттардың суреттері немесе иллюстрациялары (дәрілер, тұрмыстық<br>химия, газ баллондары).<br>Әртүрлі жағдайлар бейнеленген карточкалар.<br>Ұйымдастырылғаніс-әрекет:<br>Балаларды қарсы алу.<br>Педагог балаларды қарсы алып, бүгін олар үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін және олардың жанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру.<br>Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру.<br>Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме:<br>Дәрі-дәрмектер:<br>Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру.<br>Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұқсаса дадәмін<br>көрмеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | музыка жетекшісінің ойнаған ырғағын қайталайды.<br>Мысалы: музыканың жәй ойналатын жерінде жәй, тез ойнайтын жерінде тез мимикалық қимылдармен көрсетеді.<br>Күтілетін нәтиже: Музыканың ырғағын нақты береді;ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады; Қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді.<br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»№14**<br>**Алақан соқпақ**<br>Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да дөңгелене отырады.Орталарынан бастаушы белгілейді.Оған сүлгі (орамал)беріледі.Бастаушы шеңбер ішін айнала жүріп біреуге –Алақанды тос!-дейді.Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сүлгіні тигізіп-Сүлгі қайда?-деп сұрайды.Сонда ойыншы «анада» -деп бір баланың атын атайды.АКты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады.Бастаушы-сүлгі қайда?-деп атын айтады.Ойын осы ретпен жалғаса береді.Жақсы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды | | **дамыту)** Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу **(құрастыру)**<br>**Музыка** – Ән айтуда қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.<br>**Ән тыңдау:** «Көк тудың желбірегені» Е.Ибрагим.<br>**Ән салу: «**Қазақстан» С.Мұхаммеджанов **Аспапта ойнау:** «Домбыра ұстап үйренеміз»<br>**Музыкалық -ырғақты қимыл:**<br>«Қуыршақтармен би»<br>**Ойын: «Қай аспап ұнайды»**<br>**Шарты**: Балалар өздеріне ұнайтын аспапты таңдап алып,музыка жетекшісінің ойнаған ырғағын қайталайды.<br>Мысалы: музыканың жәй ойналатын жерінде жәй, тез ойнайтын жерінде тез мимикалық қимылдармен көрсетеді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Музыканың ырғағын нақты береді; ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады; Қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді | бойымен айналады,арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді.балалар арқан үстімен секіріп тұрады.Кімде-кімнің аяғына арқан ілініп,секіре алмай қалса ол бала ойынды тоқтатып өнер көрсетеді,тақпақ,өлең айтады немесе билеп береді.Ойын осылай жалғаса береді. | Тұрмыстық химия:<br>Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.<br>Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау.<br>Газ баллондары:<br>Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.<br>Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындарда шашпау.<br>Сюжеттік-рольдік ойындар:<br>Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату.<br>Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | Серуенге ойын құралдарын дайындау. «Қоғамдық мүлікті қорға!» «Балабақша өз үйім» Әңгімелесу | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты).Ауа – рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу. |
| Серуен | **№ 28**<br>**Бірінші қатқақты бақылау**<br>**Мақсаты:** Сыртқы белгілерге қарап ауа райының күйін анықтауға үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқақты) бақылау: күзгі ауа райымен салыстыру.<br>***Қимылды ойыны*** **«Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны)**<br>***Мақсаты:*** Жануардың рөлін таңдауға және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу.<br>***Еңбек:*****Бұтақтарды жинау.**<br>***Мақсаты:*** Жиын бойынша жұмыста жанашырлық таныту. Табиғат бұрышының мекендеушілеріне сүйіспеншілігін дамыту.<br>**Өз бетімен ойындар:** Ойын таңдауда,ойға алғанын іске асыруда дербестігін дамыту, белсенді болу. | **№ 30**<br>**Алғашқы түскен қарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігі сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойыны: «Сұр қоян жуынды»**<br>**Мақсаты:** Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек: «Бөлме өсімдіктерін күту»**<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің басқаруымен балалар пайдалы іспен оранжерияларда, қысқы бақтарда айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: өлшемді суару, гүл сауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сүрту.<br>**Өз бетімен ойындар:** Шашақтармен ойын. | **№ 26**<br>**Топырақты бақылау**<br>**Мақсаты:** Ауа райына байланысты топырақтың касиетін көруге үйрету. Топырақ жылы, күнге жылынған: құрап қалған; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жер де суыйды, оны күрекпен қазуға болмайды, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, үзіліп қалады.<br>**Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар»**<br>**Мақсаты:** Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өтуді бекіту; әр түрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойынша (отырды, ізде жем және т.б.) орын ауыстыруға қадағалау, сигнал бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету.<br>**Еңбек: Ұжымдық тапсырмаларды орындау.**<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** Әртүрлі ойындарға және ойнай білу қызығушылығын дамыту. | **№ 29**<br>**Шалшық судағы мұз қабықшасын бақылау**<br>**Мақсаты:** Мұз бастапқыда мөлдір, жұқа шыныдай жалтыр нәзік. Температураның төмендеуі кезінде су мұзға айналуын ескеріп, қорытынды жасау.<br>**Тәжірибе: Шалшықты айналып өту.**<br>**Қимылды ойын: «Өзіне жұп табу»**<br>**Мақсаты:** Сигнал бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу.<br>**Еңбек: Ағаштардың жанында түскен бұтақтарды жинау**<br>**Мақсаты:** Берілген жұмысты жауапкершілікпен атқару.<br>**Өз бетімен ойындар:** Зырылдауықтармен ойын.<br>Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын | **№ 27**<br>**Жапырақтардың толық түсуін бақылау**<br>**Мақсаты:** Өсімдіктер дүниесінің маусымды өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру: жалаңаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және тбиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Соқыр теке» ойыны» (орыс ұлттық ойыны)**<br>**Мақсаты:** Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау.<br>**Еңбек: Ауладағы жұмыс**<br>**Мақсаты:** Жапырақтарды тырмауышпен жинауды үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар:** Түскен жапырақтардан оюлар,заттар құрастыру, шығармашылықтарын,фантазияларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дамыту. | |
| Серуеннен оралу | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу.<br>«Ұқыпты бала» әңгімесі<br>**Тіл дамыту** | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.<br>**Дене тәрбиесі** | Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау.<br>Қолдарын жууға үйрету. | Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету.<br>Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.<br>**Дене тәрбиесі** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Бауырсақтың көлемін ажырату ойыны<br>**(математика негіздері)**<br>Балалардың таңдауы бойынша бауырсақты ермексаздан жасау. | Ертегі кейіпкерлерінің түстерін атау<br>**(математика негіздері)**<br>Бауырсаққа үй құрастыру құрастырмалы ойынышықтардан.<br>**(құрастыру)**<br>Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау.<br>**(жапсыру)** | **В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»**<br>Тақырыбы: «Су асты патшалығы»<br>Міндеті: Балалардың өзен балықтары туралы білімдерін бекіту. Логикалық ойлауын, іздену іс-әрекетін дамыту, Өз бетімен проблеманы шешіп, қорытынды жасауға үйретуды жалғастыру. Айналадағы әлемді зерттеуге қызығушылығын арттыру, қоршаған ортаға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>суреттер, тақта, бейне жазылым, тәжірибеге керекті құралдар: банкілер, түбі кесілген баклашкілер, мақта, марля, сачок, аквариум.<br>ҰІӘ:<br>1.№8. шаттық шеңбері.<br>2. Балалардың өзен балықтары туралы білімдерін бекіту.<br>3. Айналадағы әлемді зерттеуге қызығушылығын арттыру.<br>4. Бейне жазылым көрсету.<br>5. Сергіту сәті.<br>6. Сұрақ-жауап арқылы | Үш торай және бауырсақ ертегілерін тыңдау дағдыларын пысықтау. **(Тіл дамыту)**<br>**«Адалдық алаңы» Мультфильм қарау** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі тыңдау дағдысын қалыптастыру. **(Тіл дамыту)** Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қорытындылау.**)** | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Нұрайды<br>Заттардың бойымен, астымен еңбектеуге баулу | Айсаяны<br>Үлгі мен сөздік нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға үйрету. | Сағымға дауысты және дауыссыз<br>дыбыстарды, еліктеу сөздерін<br>айтқызуға баулу | Ердоғанға<br>отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атауға үйрету | Нұрайға тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдануға үйрету<br>өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтқызу |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Балаларға таныс "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, олардың қатысу ниеттерін дамыту. Таныс ертегі қойылымын жасату.<br>**(Тіл дамыту)** | Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды (бас, аяқтар, қолдар). ойыншықтарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруын үйретіп дамыту<br>**(математика негіздері)** | Топтағы гүлдерді санау, салыстыру, күтім жасау құралдарын салыстыру, санату<br>**(математика негіздері)** | Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастырту<br>**(құрастыру)**<br>**Экологиялық тәрбие**<br><br>Ғажайып қоржын бейнесіне оюларды қиып жапсырту.<br>(**жапсыру)** | Дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын бекіту бойынша ертегі кейіпкерлеріне арнап үйлерді құрастыру, бейнесін жасату, суретін салдырту.<br>**(құрастыру, мүсіндеу, сурет салу)** |
| Балалардың үйге қайтуы | «Баланы суықтап қалудан сақтандыру» кеңес беру. | Жаңадан келген баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме. | «Балаңызды балабақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек?» әңгіме. | Бала тілінің дамуы жайлы әңгімелесу. | Бала демалыс күні немен айналысатыны туралы пікірлесу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Құндылық – **Әділдік және жауапкершілік**

*Аптаның дәйек сөздері: «Жауапты бала – жақсы дос»*

**Білім беру ұйымы:»Көбелек» шағын орталық**
**Тобы:»Айналайын» ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 10.11 - 14.11.2025 жыл**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалармен әңгімелесу<br>Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап»<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету**.**<br>Күй қосу<br>**Күй күмбірі**<br>**Адал азамат** | Түрлі –түсті шармен қарсы алу.<br>Міндеті: Балаларға жақсы көңіл –күй сыйлау.<br>Күй қосу<br>**Күй күмбірі**<br>**Адал азамат** | «Менің көңіл – күйім»<br>Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.<br>Күй қосу<br>**Күй күмбірі**<br>**Адал азамат** | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.<br>Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?»<br>Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>**Күй күмбірі**<br>**Адал азамат** | Көңілді әуенмен қарсы алу.<br>Міндеті: Балалардың көңілін көтеру.<br>Күй қосу<br>**Күй күмбірі**<br>**Адал азамат** |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Баланың үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау. | Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгіме. | Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме. | Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме. | Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Мамандықтарды ата»<br>Шарты: Суретке қарап мамандық иесін тауып,құрастыру.<br>**Құрастыру** | «Қызықты лабиринт»<br>Шарты: Саусақтарын жүргізу арқылы орындалады немесе әр бала өз қалауымен жасайды.<br>**Математика негіздері** | (үй жануарларының суреттері)<br>Шарты: Үлгі суретке қарап,қиылған бөліктерден суреттің бейнесін шығару.<br>**Құрастыру** | Ойын: «Бағдаршам»<br>Шарты: түстеріне сәйкес қимыл жасауға үйрету.<br>**Дене тәрбиесі** | Ойын: «Алма кімде?»<br>Шарты: әуен қосылғанда бір-біріне алманы береді,әуен тоқтағанда алма кімнің қолында қалып қойса,сол бала ортаға шығып өз өнерін көрсетеді,ойын жалғасады.<br>**Музыка** |
| Ертеңгілік жаттығу | №6 жаттығулар кешені | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Сұрақ қою.<br>Таңертең сендерді кім оятады?<br>Сендерді балабақшаға келгенде кім қарсы алады? | Жұмбақ жасыру.<br>Аяғы бар, жүрмейді,<br>Аузы бар, күлмейді,<br>Айнымайды бөпемнен<br>Тек сөйлеуді білмейді. | Саусақ ойыны:<br>Саусағымда сақина<br>Санап көрші кәнеки<br>1,2,3 Бір, екі үш<br>Демалайық жинап күш. | Жаңылтпаш айту.<br>Ұшып кетті үш құс,<br>Ұшып келді ұшқыш.<br>**Көркем әдебиет** | Тіл ұстарту жаттығуын бірге қайталау.<br>Рақ-рақ-рақ Саулайды жапырақ.<br>Ел-ел-ел Соғады жел. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аналарың,әкелерің қайда жұмыс жасайды?<br>**Тіл дамыту** | (Қуыршақ)<br>Шіркіннің өзіне обал-ақ,<br>Жүреді аяқта домалап. | Санамақтар айту.<br>**Математика негіздері** | | Үз-үз-үз Жаңбырлы күз.<br>**(қазақ тілі)** |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | **«Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Міндеттері:** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру,ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу. Ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз ерекше болмақ. Біз саяхатшы Дарамен бірге саяхатқа барамыз. | **«Орамал»**<br>**Міндеттері:** алақаны мен табанына сүйеніп төрт аяқтап еңбектеуді, еңбектеген кезде көтерілген заттың биіктігін ескеруді үйретуді жалғастыру, ептілікке баулу. Допты төменнен жоғары қарай саусақпен оп-оңай итеру және допты заттардың арасымен домалатқан кезде бағытын өзгерту қабілетін нығайту. Әлеуметтік ортада дұрыс байланыс орнату, төзімділік қабілеттерін дамыту, қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Ойынға дайындық: сиқырлы қоржынды іздеу сәтін ұйымдастырады. Орамалдарды таратып шығады.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Біздің қолымыздан бәрі келеді!» – қолға беторамал ұстап, бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру, түзету жаттығуларын орындау.<br>Аяқтың ұшымен жүргенде орамалды жоғары көтереді, өкшемен жүргенде орамалды алдына ұстайды. | **«Ит адамның досы»**<br>**Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді,зат есімдерді жекеше және көпше түрде дұрыс қолдануға үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне,жаңылтпашты жатқа айтуға,қазақ тіліне тән дыбыстарды жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік – аласа.Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру,бөліктерді біріктіру. Жануардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Үстелде 1-ден 5-ке дейінгі сандар жатыр. Балаларға тура және кері санату.<br>«Қара және салыстыр» ойыны.<br>Шарты: екі баланы ортаға шақырып,бір-біріне арқаларымен | **Көліктер»**<br>**Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға баулу. Балаларды геометриялық фигураларды танып, атай білуге үйрету. Қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Балалар,сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?<br>Көлік дегеніміз не?<br>Көліктің қандай түрлері бар?<br>Көліктерге не жатады?<br>Көліктердің қандай пайдасы бар?<br>Көлікте қалай отыру керек?<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>Жұмбақ жасыру.<br>1.Құс сияқты құс емес,<br>Жүрседе тым биікте.<br>Қақпайды бір қанатын,<br>Жүрседе тым биікте. (Ұшақ)<br>2.Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі. (Қайық)<br>3. Жүргізуші жүргізеді,<br>Төрт аяқты батырды. (Жеңіл көлік)<br>Слайд арқылы<br>**көрсету,әңгімелеу,түсінік беру.** | **«Жыл мезгілдерінің сыры»**<br>**Міндеттері:** Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылығын арттыру.Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>*Шаттық шеңбері:*<br>Ағаш, бұта, жасыл шөп<br>Жайқалып өскен гүлдер көп,<br>Рахмет саған, қайырымды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жолымызда кездескен тапсырмаларды орындауымыз керек.<br>Дараға көмектесуге дайынсыңдар ма?<br>Барлық кедергілерден өтсек Дараның сендерге дайындаған «тосын сыйы» бар.<br>Дараның 1 тапсырмасы: жұмбақтар шешу.<br>Мектептің жүрегі, білімнің тірегі. (Мұғалім)<br>Сауықтырар сырқатты , жылы үнмен тіл қатты. (Дәрігер)<br>Тікті әсем киімді, дүкенге әкеп ілінді. (Тігінші)<br>Зымыранды ерттеген, ай жұлдызды зерттеген. (Ғарышкер)<br>Өскен шашты жаратпайтын, қайшысы бар жалақтайтын. (Шаштараз)<br>Дабылға тез жететін, жалынға сүңгіп кететін. (Өрт сөндіруші)<br>Бал татыған мәзір, ол бар жерде әзір.(Аспазшы)<br>Жалтылдап қалағы, салатын кім қаланы? (Құрлысшы)<br>Тұрады әркез сауда сатып, таразы, шотпен достасып.(Сатушы)<br>Ол көлікті тізгіндейді,жол жөнекей қасынан жолаушы бір үзілмейді. (Шофер)<br>**(қазақ тілі)**<br>-Иә, біз бүгін сендермен мамандықтар жайында әңгімелесеміз. Сендер «мамандық» деген сөзді | (музыканың ырғағымен).<br>Екі тізбекке тұру.<br>Жалпы дамыту жаттығуларын беторамалдармен орындау. (беторамалдарды саусақтардың ұшымен ұстайды, қолдарын түзетеді)<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:<br>1.40 см биіктікке көтерілген сырықтың астымен еңбектеп өту.<br>Ойын түріндегі жаттығу «Ең епті».<br>Шарты: сырыққа басын тигізіп алмас үшін мүмкіндігінше төмен еңкею.<br>2.Допты бір-бірінен 1 метр қашықтықта орнатылған бес заттың арасымен домалату.<br>Жаттығулардың орындалуын көрсету: допты ақырындап төмен-жоғары итеріп, кегельдерді оң жағынан және сол жағынан айналып өтеді.<br>«Ұшты, ұшты» ойынын ұйымдастыру.<br>Ойын тәртібін түсіндіру.<br>Заттардың қазақ тіліндегі атауларын атау (ұшатын, ұшпайтын заттар)<br>Ойын: «Кетті, кетті орамал» (орамал орта тұсынан түйілген).<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға,ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша | тұрғызып,салыстыру.<br>Суретпен жұмыс.<br>Балалардан биік үйдің қасына аласа ағаш, ал аласа үйдің қасына биік ағаштың суретін салуды ұсыну.<br>Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау.<br>1-тапсырма. Педагог балаларға 3 цифрына сәйкес келетін заттарды бояуға тапсырма береді.<br>Балалардан сұрайды:<br>–Неше торсықты боядыңдар?<br>–Қанша кесені боядыңдар?<br>2-тапсырма. Пішіндер санына сәйкес келетін цифрды нүкте бойынша бастырып сызуға тапсырма беру.<br>Балаларға сұрақ қояды:<br>– Дөңгелектердің астындағы қандай цифрларды сыздыңдар?<br>–Ал шаршының астындағы қандай цифрды бастырып сыздыңдар?<br>**(математика негіздері,сурет салу)**<br>3-тапсырма. Педагог балаларға өлең оқып береді:<br>Үй жанында байланған,<br>Бар ғой әсем күшігім.<br>Бұлғаңдатып құйрығын,<br>Күзетеді үйшігін.<br>Балаларға тапсырма береді:<br>– Иттерді жақсылап қарап | Ерте, ерте, ертеде адамдар алыс жерлерге жанурлар арқылы, ат жегілген екі дөңгелекті арбаны алыс жолды жақындату үшін пайдаланған. Ал мульфильмде мыстан кемпір сыпыртқысын, Карлсон өзінің пәресімен ұшатын, пошташы Печкин велосипедін пайдаланды.Кейінірек адамдар машина, автобус, сияқты жерде жүретін көліктерді, содан кейін темір жол көліктері: поезд, трамвайды ойлап тапқан.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Көліктердің өзі төртке бөлінеді:<br>Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, тікұшақ, зымыран.<br>Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық.<br>Темір жол көліктері – Поездь.<br>Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл және ауыр көліктер.<br>Көліктер туралы тақпақ оқу,балалардың білетін тақпақтарын еске түсіру.<br>Қызығушылық ояту.<br>Бағдаршам көңілсіз кіреді.<br>Бағдаршамның амандасуы,балалардан көмек сұрау.<br>**(Тіл дамыту)**<br>Шығармашылық жұмыс.<br>Композиция құрастыру.<br>Қағаз бетіне салынған бағдаршамның суретін бояу,көздерін ермексаздан жасау,жан-жағына жол белгілері мен көліктердің суретін орналастыру,желіммен жапсыру.<br>**(сурет салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру)** | жер.<br>Бізге берген таза ауа көлеңкені,<br>Жапырақ жидек пен жемістер,<br>Рахмет саған, ғажайып өсімдіктер.<br>Жапырақты жұлмаймыз,<br>Бұтақты біз сындырмаймыз.<br>Су құямыз қараймыз,<br>Аялаймыз, қорғаймыз.<br>Сұрақ арқылы талқылау.<br>Балалар жыл мезгілдерін кім біледі?<br>Күз айларын айтып беріңдерші?<br>Әр жыл мезгілінің табиғат құбылыстары әр түрлі болады.<br>Кім айтып береді күз мезгілінде ауа-райы қалай болады?<br>Қыс мезгілінде ше?<br>Көктемде ше?<br>Ал,жазда қалай болады?<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>«Жыл мезгілдері» туралы ертегі тамашалау.<br>Ерте, ерте, ертеде атақты жыл патшалығы болыпты.<br>Олардың екі қызы, екі ұлы болыпты. (көктем, жаз, күз, қыс) Осы төрт баласының мінезі әр түрлі болыпты.<br>Жыл патшайымы осы төрт жылды бағып-қағып өсіріпті<br>Күндердің күнінде осы мезгілдер айтысып қалыпты.<br>Олар былай деп айтысады:<br>Одан кейін күз былай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалай түсінесіңдер?<br>-Балалар сендер мына күнделікті келіп жүрген балабақшаларың, өздерің тұрып жатқан үйлерді салатын адамдарды, ауырып қалсақ емдейтін адамдар, киімдерімізді тігіп беретін адамдар , бізге білім беретін адамдар, шашымызды әдемілеп қиып беретін және тамақ пісіретін адамдар бар. Бұл адамдарды бір сөзбен айтқанда мамандық иелері дейміз.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>Дараның 2 тапсырмасы:<br>Мамандықтар туралы тақпақтар оқу,қайталау.<br>Дараның 3 тапсырмасы:<br>Ойын: «Кім жылдам?»<br>Ойынның шарты: суретті өсу ретімен орналастыру.<br>**(математика негіздері)**<br>Дараның 4 тапсырмасы:<br>Ойын: «Кім ұқыпты?»<br>Шарты: балалар тапсырманы екі топқа бөлініп орындайды.<br>1 топ: Үйдің суретін салып,бояу.<br>**(сурет салу)**<br>2 топ: Ермексазды пайдалану арқылы үй тұрғызу.<br>**(мүсіндеу)**<br>Балалар мың бұралған биші де бір мамандық иесі екен. Олай болса біз де бойымызды сергітіп биші болып, би билейік. | оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету (үлкен-кіші). Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып,ойыншықтарды безендіру дағдыларын дамыту. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Балалар қазір жылдың қай | шығындар және олардың бір-бірінен қандай және қанша айырмашылығы барын табыңдар.<br>Сурет бойынша 4 айырмашылықты тауып көрсетіңдер!<br>Балалар, ит қандай жануар түріне жатады?<br>–Иттің баласын не деп атайды?<br>–Күшік қандай дыбыс шығарады?<br>Бәріміз бірге қайталайық. Иттің тұратын мекенін қалай атайды?<br>Сүйікті асы қандай?<br>Ит,күшік сөздерін жекеше-көпше түрде айту.<br>Үйшік,күшік сөзін анық айтқызу,қайталату.<br>**(Тіл дамыту,қазақ тілі)**<br>Үш топқа бөлу.<br>1 топ: Таяқшалардан үйшіктің бейнесін құрастыру.<br>**(құрастыру)**<br>2 топ: Ермексаздан күшіктің бейнесін жасау.<br>**(мүсіндеу)**<br>3 топ: Қағазды қию арқылы сүйектің бейнесіндайындау.<br>**(жапсыру)**<br>Ойын: «Дауысынан тап».<br>Шарты: үнтаспа арқылы белгілі аңдардың дауысын тыңдатып,қай аңдардың дауысы екенін тауып айтып беру керек.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)** | Бағдаршаммен бірге сергіту сәтін би қимылдарымен орындау.<br>Сергіту сәті: «Бағдаршам әні»<br>Бағдаршамның қоштасуы.<br>**(музыка)**<br>**Қортынды:**<br>Балалар, бүгін біз не туралы әңгімелестік?<br>Көліктердің қандай түрлері болады екен?<br>Қандай көлік түрлерімен таныстық?<br>Кемелер кай жерлерде жүреді екен?<br>Ал ұшақтар қайда ұшады екен?<br>Балалар ерте заманда көліктер болған ба екен?<br>Көлік ретінде ата-бабаларымыз қандай жануарларды пайдаланған?<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті орамалдар»**<br>**Міндеттері:** басына қап қойып, жіпті бойлай жүруге үйрету (дене сымбатының бұзылуының алдын алу). Еңбектеген кезде қол мен аяқтың жұмысын үйлестіре білу қабілетін нығайту, таяқшаның астынан еңбектеп өткен кезде оған денесін тигізбеуді үйрету; ептілік қабілетін дамыту. Жылдамдықпен оңға және солға бұрылып секіруге жаттығу. Өз денсаулығын күтуге тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Жасырынбақ».<br>Жан-жақта «шашырап» жүру, қолдарына орамал ұстап аяқтың ұшымен жүру. Шеңберге тұрады. Орамалмен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау (беторамалдарды саусақтардың | дейді:<br>Одан кейін қыс былай дейді:<br>Тосын сәт.<br>**Табиғат патшайымы:**<br>Бәрекелді, бәрің жиналып қалыпсыңдар ғой, бұл не жиын? (әуенмен кіріп келеді)<br>**Табиғат патшайымы:**<br>Орынсыз таласқандарың дұрыс емес. Бәрің де адамдарға керексіңдер. Сендер көктем, жаз, күз, қыс болып өзгеріп тұрмасаңдар олар өмір сүре алмаған болар еді. Барлық кезеңнің өз кереметтері бар. Сондықтар таласпай адамдарға қалтқысыз қызмет жасауға тырысыңдар. Олар табиғаттың кереметтерімен ғана күн кеше алады.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Ойын: «Жыл мезгілдері»<br>Шарты: жыл мезгілінің аяқталмаған бөліктерін шығармашылық әдіс бойынша толықтыру.<br>**(сурет салу,мүсіндеу,жапсыру)**<br>*«Кім жылдам?»* ойыны.<br>Шарты: төрт жыл мезгілінің суретін кезек-кезек көрсеткенде бала шапшаң тауып айтып беруі керек.<br>Күз мезгілі туралы тақпақ айту.<br>**(Тіл дамыту)**<br>*Ойын:* «Қай мезгіл?»<br>Шарты: суреттен тәулік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сергіту сәті: Жаттығу биі.<br>**(музыка)**<br>Дараның 5тапсырмасы:<br>«Аспазшы» ойыны.<br>Шарты:  Бір – бір баладан шығып бірінші бала компотты дайындайтын жемістерді  жинайды. Екінші бала борщты дайындайтын көкеністерді жинайды.<br>**(құрастыру)**<br>«Мамандықтар» еліне келдік. Суретке қарасаңдар мамандықтың түрлері өте көп екен.<br>-Ал бұл мамандықты меңгеру үшін көп оқуды, көп ізденуді ,қажымас қайратты, көп еңбекті талап етеді.Мамандық иесі болып шығу үшін арнайы оқу орындарында дайындап оқытады. Сонда ғана өздерің қалаған мамандық иесі болып шыға аласыңдар.<br>**(Тіл дамыту)**<br>Дарада тапсырмаларды дұрыс орындағандарыңа өте риза.Сендерге әкелген сыйлығы бар.<br>Дараның  әкелген сыйлығы Сандық. –<br>Сандықта  не бар деп ойлайсыңдар?<br>-Ал , қолдарыңды  жәшік ішіне  салып  көріңдер.<br>-Не бар?<br>-Алақай  не бар!<br>Тәтті  шоколаттары бар екен.<br>Дараның тапсырмалары сендерге ұнады ма?<br>-Әлде қиын, қызықсыз | мезгілі?<br>Күз мезгілінде ауа райы қандай болады?<br>Күз мезгілінде неше ай бар?<br>Балалар сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма? Кім қандай ойыншықтарды жақсы көреді?<br>-Ойыншықтар жасалу жолына қарай бірнеше түрге бөлінеді.<br>Жұмсақ, резеңке, қатты.<br>Мысалы аю, қоян жұмсақ ойыншық.<br>Ал резеңкеге қуыршақ, мысық.<br>Қатты ойыншықтарға ұшақ, көлік түрлері,машина т.б жатады. Балалар, мына үстел үстінде жатқан заттар не?<br>Ойыншықтармен не істейді?<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>- Балалар қараңдаршы біздің тобымызда ойыншықтар өте көп, олар қандай әсем, әдемі ойыншықтар.<br>Балалар мынау қандай ойыншық?<br>Доптың пішіні, түсі қандай?<br>Қанша доп көріп тұрсыңдар?<br>Үлкен доп көп пе,кіші доп көп пе?<br>**(математика негіздері)**<br>Доптың қимылы қандай?<br>-Қәне бәріміз допша секірейікші?<br>Кім доп туралы тақпақ біледі? | –Біз  күшікке  жылы сөздер айтайық.<br>Сонда күшік біздің адал досымыз, серігіміз болады.<br>Жаңылтпашты оқу,жаттау.<br>Тарғыл итім, талға орал!<br>**(көркем әдебиет)**<br>**Музыка** – Музыка ырғағына сай шеңберді айнала жүріп, қимылдар орындау.Музыка ырғағын сезіне білуге қалыптастыру.Қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыруға үйрету,<br>**Ән тыңдау:** «Ақ көбелек» (Тұрсынжан Шапай)<br>**Ән айту**: «Көбелек»<br>(К. Қуатбаев Ж. Смақов)<br>**Аспапта ойнау:** «Көңілді қасықтар»<br>**Муз- қимыл қозғалыс:«Жұбыңды тап»**<br>**Ойын:«Жұптасу»   Шарты:**<br>Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Барлығы көңілді әуенге би билейді. Әуен тоқтаған сәтте жұптасып тұра қалулары қажет. Жетекші әуенді тоқтатар алдында қанша бала болу керектігін айтып отырады./екі,үш,төрт/<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі.<br>Қимылдарды орындауда | ұшымен ұстайды, шынтақтарын түзу ұстау керек).<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:<br>8 метр қашықтыққа төрт аяқтап еңбектеу, 40 см биіктікке көтерілген сырықтың астымен еңбектеп өту жаттығуларымен кезектестіріп орындайды.<br>Тапсырма – орамалды залдың қарсы бетіне алып өту – орамалды басына қойып еңбектеп өту.<br>Балаларға берілетін команда: «Маған қарай еңбектеп кел!».<br>Тепе-теңдік сақтау – төбесіне құм толтырылған қапшық қойып, жіп бойымен жүру. «Түсіріп алмай, алып кел!» ойыны. Нұсқау: тапсырманың дұрыс орындалуы дене мен басты дұрыс ұстауға тікелей тәуелді (егер бас сәл алға қарай еңкейсе, қапшық түсіп кетеді; тепе-теңдік сақтау және табанды жіптің үстіне қою.<br>Бір орында оңға және солға бұрылып секіру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Секір-бұрыл».<br>Ойын: «Шарлар мен бағандар»<br>Ойын шарттарын еске салу. Нұсқау – шарды асықпай, жаймен домалату қажет.<br><br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>№29<br>Теңге ілу.<br>Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі.Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді.<br>Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады.Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады.Шұңқырға он- | бөліктерін ажыратып айту.<br>**(математика негіздері)**<br>Ойын: «Кім шапшаң?»<br>Шарты: музыка әуені қосылғанда балалар шеңберді айналып түрлі қимылдар жасап жүреді,музыка тоқтағанда жапырақтың үстіне тұрып қалады,кім үлгермесе сол ойыннан шығады.<br>**(музыка,Дене тәрбиесі)**<br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>№35<br>Шертпек.<br>Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болды ма?<br> -Не алдыңдар, не білдіңдер, не түйдіңдер өздеріне керекті?<br>Ұнаса Дараға біз де алғысымызды білдірейік. Дараны құр жібермейік. Дараның тапсырмалары, сыйлығы ұнаса, жолдорбасына қызыл түсті гүл жапсырыңдар ал, ұнамаса сары түстіні жапсырыңдар.<br>**(жапсыру)**<br>Дарамен қоштасу.<br>**Музыка** – Музыка ырғағына сай шеңберді айнала жүріп, қимылдар орындау.Музыка ырғағын сезіне білуге қалыптастыру.Қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыруға үйрету.<br>Ән тыңдау: «Ақ көбелек» (Тұрсынжан Шапай) Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов)<br>Аспапта ойнау:<br>«Көңілді қасықтар»<br>Муз- қимыл қозғалыс:«Жұбыңды тап»<br>Ойын:«Жұптасу» Шарты: Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Барлығы көңілді әуенге би билейді.Әуен тоқтаған сәтте жұптасып тұра қалулары қажет.Жетекші әуенді тоқтатар алдында қанша бала болу керектігін айтып отырады. /екі,үш,төрт/ | -Қыз балалар көбіне қандай ойыншықпен ойнайды?<br>Қуыршақтың көйлегінің түсі қандай?<br>Кім қуыршақты қалай ұйықтататынын көрсетеді?<br>- Ал, ұлдар көбіне қандай ойыншықпен ойнайды?<br>- Ал, машинаның түсі қандай?<br>Машинаның дыбысын кім салып көрсетеді?<br>Ғажайып сәт: «Сыйқырлы сандық»<br>— Балалар мен сендерге енді жұмбақ жасырамын. Егер жауабын дұрыс тапсаңдар сандық ішінен сол ойыншық шығады.<br>Кезікті бір жануар,<br>Үстінде екі тауы бар.(Түйе)<br>Төрт аяқты екі көзді.<br>Өзі жансыз жүреді.<br>От пен майдан жем бар,<br>Құрыш болат жүреді..(Автомобиль)<br>Суға салсаң батпайды,<br>Түскен жерге жатпайды.(Доп)<br>Тәрбиеші:- Ал, енді балалар бүгін біз М.Әлімбаев атамыздың «Ойыншықтар» өлеңін жаттаймыз.<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау, қозы, құлыншақ.<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Айтқаныңнан шықпайды.<br>(екі рет қайталап оқу)<br>Балалар өлең не туралы екен?<br>Ойын: «Ойыншықты сипатта» | шапшаңдық пен ептілік танытады.Би қимылдарын орындайды.<br><br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>№31<br>Тасымақ.<br>Бұл ойында 2 жерге ыдасқа су құйып қояды.сол суды қарсы бетке құйылған бос кесеге қасықтап екі адам тасиды.Бұнда команда құрып ойынайды,әр командада үш адамнан болады.Ойынның шарты: су таситын адам суды төкпей-шашпай,тез тасуы керек,қай команда жеңіске жетсе,жүлдеге сол ие болады.<br><br>**«ОЙЫН-САУЫҚ ОРЫНДАРЫНДА ЖӘНЕ КӨЛІКТЕ ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ»**<br>Ұзақтығы: күні бойы<br>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға саябақтар, кинотеатрлар, ойын алаңдары сияқты қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікті пайдалану кезіндегі негізгі қауіпсіздік ережелерін үйрету.<br>Міндеттері:<br>▪ Балаларды қоғамдық орындарында өзін-өзі | оннан тас салынады.Содан екі топтан екі сайскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады.Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып,шаба жөнееді.Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып,әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.<br>Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі.Қай топ көп ұпай жинаса,сол топ жеңеді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күтілетін нәтиже: Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі. Қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады. Би қимылдарын орындайды.<br>**Дене тәрбиесі(таза ауада)**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті кілемшелер»**<br>**Міндеттері:** үш дөңгелекті велосипедті тебуге үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Өкшеге отырып» допты бірбіріне қарай домалату қабілетін нығайту, көзбен мөлшерлеу дағдысын дамыту, доптың бағытын сақтай білуге баулу. Тізесін аздап бүгіп, ақырын жерге түсу қабілетін дамытуды жалғастыру. Епті әрі тез болуға ынталандыруды жалғастыру.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>I. Тізбекте бір-бірден тез адымдап жүру және жүгіру, екеуін кезекпен орындау. Тізбекте бір-бірден өкшемен жүру (арқадағы бұлшық еттерді дамытады), аяқтың ұшымен жүру (жалпақтабанның алдын алады). Аяқтың ұшымен жүгіру. Кәдімгі жүріс. | Ойынның шарты: Ортаға шыққан баланың көзін байлап қолына ойыншықты ұстату, алған ойыншықтың атын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айту.<br>**(қазақ тілі)**<br>Сергітусәті: «Ойыншықтар» әні.<br>**(музыка)**<br>Шығармашылық жұмыс. Балалардың қалауы бойынша.<br>Ойын: «Менің ойыншығым»<br>Шарты: топтағы ойыншықтарға қарап,өзіне ұнайтын ойыншықтың суретін салады.<br>**(Сурет салу)**<br>Ойын: «Үлкен-кіші»<br>Шарты: үлкен-кіші доптың суретін қағаз бетіне орналастыру,желіммен жапсыру.<br>**(жапсыру)**<br>Балалардың алдына (доп, машина, қуыршақ) қойып қою.<br>Шарты: ермексазды жұмсартып,бөлшектерге бөліп,ол бөлшектерді домалатып,созу арқылы мүсіндеу.<br>**(мүсіндеу)**<br>Ойын: «Мұнара құрастыру»<br>Шарты: конструкторларды пайдалану арқылы жұмыстану.<br>**(құрастыру)**<br><br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** | ұстаудың негізгі ережелерімен таныстыру.<br>▪ Қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.<br>▪ Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және оларға дұрыс әрекет етуді үйрету.<br>Материалдар мен ресурстар: ойын-сауық орындары мен көліктің иллюстрациялары немесе суреттері.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет:<br>Тәрбиеленушілермен амандасу.<br>Қоғамдық орындар мен қоғамдық көліктердегі ережелерді білу жәнесақтау<br>неге маңызды екендігі туралы қысқаша әңгіме.<br>Балалардан қандай қоғамдық орындарды білетінін және қандай көлікті пайдаланатынын сұраңыз.<br>Тәрбиеленушілерді қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерімен таныстыру:<br>Саябақтар мен ойын алаңдарында:<br>Ешқашан ата-ана мен үлкендерден алыс кетпеңіз.<br>Егер адасып қалсаңыз, тұрған жерде қалып, көмекке шақырыңыз. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | II. Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау (массаж жасайтын төсенішпен)<br>1.Бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып, қолды төмен түсіріп тұрамыз.<br>Қолды алға, кеуденің деңгейіне жоғары көтереміз, түсіреміз, бұрынғы қалпына қоямыз. 2. Б.қ.: сол қалып.<br>Қолды белге қоямыз.<br>Отырамыз, қолдарымызбен еденді ұстап, тұрамыз, бастапқы қалпымызға қайтып ораламыз.<br>4.. Б.қ.: қолды белге қойып, тізерлеп тұрамыз.<br>Алға қарай еңкейеміз (солға).<br>5. Б.қ.: отырамыз, аяғымызды тік ұстаймыз, қолдарымызды артқа қойып тірейміз.<br>Тіземізді бүгіп, ішімізге қарай көтереміз.<br>6.. Б.қ.: аяқтарымызды қосып, қолымызды белге қоямыз.<br>Екі аяқтап секіреміз, жүреміз (екеуін кезекпен орындаймыз).<br>Негізгі қимыл қозғалыстарды ойын түрінде орындау:<br>1.Кез келген бағытта қос аяқтап секіру.<br>Тәрбиеленушілер белгі бойынша алаңның ортасына қарай секіреді.<br>«Орныңды тап!» деген нұсқау бойынша тәрбиеленушілер өз | №29<br>Теңге ілу.<br>Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі.Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді.<br>Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады.Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады.Шұңқырға он-оннан тас салынады.Содан екі топтан екі саыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады.Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып,шаба жөнееді.Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып,әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.<br>Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі.Қай топ көп ұпай жинаса,сол топ жеңеді. | Сынған әткеншектерде немесе басқа қауіпті жерлерде ойнамаңыз.<br>Кинотеатрлар мен сауда орталықтарында:<br>Әрқашан үлкен адамның қолынан ұстаңыз.<br>Бейтаныс адамдармен сөйлеспеңіз.<br>Егер сізді біреу шақырса, дереу үлкендерге айтыңыз.<br>Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері:<br>Автобустар, трамвайлар және метрода:<br>Көлік жүргізу кезінде тұтқалардан ұстаңыз.<br>Терезеден еңкеймеңіз.<br>Салонда жүгірмеңіз.<br>Тек ересек адаммен бірге кіріп-шығыңыз.<br>Сюжетті-рольдік ойындар:<br>Жағдаяттарды сомдаңыз: саябақта адасу, автобуста жүру және т.б.Әрбір жағдайға сәйкес ережені талқылаңыз. Негізгі ережелерді қайталаңыз және<br>балаларға бекіту сұрақтарын қойыңыз. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрсауларын жылдам табулары керек.<br>Нұсқау: жер бетінен екі аяқпен бірдей екпінді түрде итерілу, аяқты тізеден жұмсақ бүге отырып, аяқтың ұшымен түсу.<br>2.Үш дөңгелекті велосипед тебу. «Орын ауыстыр» Тәрбиеленушілер спорт алаңының қарама-қарсы жақтарында тұрады. Педагог қыздарға ұлдармен орын алмастыруды, велосипедпен жүріп қайтуды ұсынады.<br>Жүрмес бұрын велосипедке дұрыс отыру және түсу білігіне назар аударады.<br>Тыныс алу жаттығуы: «Ботқа пісіреміз»<br>Б.қ.: аяқтың арасын сәл ашамыз, қолды белге қоямыз.<br>1-мұрынмен дем аламыз;<br>2-«ш-ш-ш» деген дыбыстармен демді сыртқа шығарамыз.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Міне, біз қандаймыз!» | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйыымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| Серуен | **№ 26**<br>**Топырақты бақылау**<br>**Міндеттері:** Ауа райына байланысты топырақтың касиетін көруге үйрету.<br>**Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар»**<br>**Міндеттері:** Екі тіреуіштің | **№27**<br>**Жапырақтардың толық түсуін бақылау**<br>**Міндеттері***:* Өсімдіктер дүниесінің маусымды өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру: жалаңаш ағаштар. | **№ 21**<br>**Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>**Жұмбақ**<br>**Қысы-жазы бір түсте. (Шырша)**<br>**Коммуникативтік дағды** | **№ 14**<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау**<br>**Міндеттері:** Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету.<br>Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, | **№ 15**<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>**Жеңіл көлікті бақылау**<br>**Жұмбақтар шешу**<br>Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус)<br>Табанында жолы бар, төбесінде қолы бар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аралығына байлаған арқанның астына өтуді бекіту; әр түрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойынша орын ауыстыруын қадағалау, сигнал бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету.<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>**Тақпақ оқу,жаттау**<br>Қыр мен сайда<br>Орман, тоғайда<br>Ағаштар мен гүлдер<br>Байқайсың ба,<br>Кеуіп солды ғой.<br>Күн суыды,<br>Гүл семді.<br>Бізді тастап<br>Сезесің бе,<br>Құстар да кетті<br>**Еңбек: Ұжымдық тапсырмаларды орындау.**<br>**Міндеттері:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары** | Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу.<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>**Жұмбақ**<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары. (Жапырақ)<br>**Қимылды ойын: «Соқыр теке» ойыны»**<br>**(орыс ұлттық ойыны)**<br>**Міндеттері:** Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау.<br>**Еңбек: Ауладағы жұмыс.**<br>**Міндеттері:** Жапырақтарды тырмауышпен жинауды үйрету.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары** | **Міндеттері:** Балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу. Сыртқы бейнесіне қарап: шырша – инелері қысқа және ашық түсті емес. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Қимылды ойын «Бос орын»**<br>**Міндеттері:** Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау.<br>**Еңбек: Құстарды тамақтандыру**<br>**Міндеттері:** Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыруға үйрету.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары** | тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Құнан шабысы» (Қырғыз ұлттық ойыны)**<br>**Міндеттері:** Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету.<br>Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>**Балалармен жеке жұмыс**<br>**Мақал-мәтел жаттау**<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>**«Өнегелі 15 минут»**<br>**Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу**<br>**Міндеттері:** Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету.<br>**Танымдық іс – әрекет дағдылары** | (Трамвай)<br>**Міндеттері:** Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту.<br>Жүк машинасы мен жеңіл машинаның айырмашылықтарын атап көрсету.<br>**Қимылды ойын: «Такси»**<br>**Міндеттері**: Қос аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен, обручпен қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермей ойын ережесін сақтауға тәрбиелеу.<br>**Еңбек***:*<br>**Берілген жеке тапсырманы орындау**<br>**Міндеттері:** Еңбекке деген түзу көзқарастарын дамытып, тәрбиелеу.<br>«**Қауіпсіздік ережелері»** - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету<br>**Адал азамат** |
| Серуеннен оралу | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.<br>«Көшедегі үйлер»<br>Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.<br>**Құрастыру, жапсыру** | Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса – батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса – ештене деп аталмайды ол бала.<br>«Табиғатта қандай өзгерістер болды?»<br>Мақсаты: | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.<br>«Күзгі орман»<br>Мақсаты:<br>Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру.<br>Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру.<br>**Көркем әдебиет** | Достарымен ішке кіру.<br>«Менің досым»<br>Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.<br>**Тіл дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жапсыру** | | Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру. **Қоршаған ортамен танысу** | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Желілі-рольді ойын: «Аспазшы»<br>Шарты: рөлдерге бөлініп ойнау.<br>**(көркем әдебиет)**<br>**«Бағдаршам және біз»**<br>Бағдаршамның суретін салу<br>**Адал азамат** | **«Жалғасын тап»**<br>Ойын шарты:<br>Бастаушы бала сөйлемді бастап береді, балалар аяқтайды.<br>Менің ойыншығым ../әдемі/<br>Мен қуыршақпен .../ойнаймын/<br>Допты жоғары .... /лақтырдым /<br>**(Тіл дамыту)**<br>**Мазмұнды - рольді ойын: «Ойыншықтар дүкені»**<br>**Ойын шарты:**<br>1-бала –сатушы,<br>2-бала – кассир,<br>3-бала –тексеріп, қарап алушы .<br>Дүкенге барғанда тәртіп сақтауымыз керек. «рахмет!»,<br>«Қош келдіңіз !» деген сөздерді пайдалану ( 2 – 3 рет балалардың орындарын ауыстырып ойнату).<br>**(көркем әдебиет)** | **В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»**<br>**Тақырыбы:** «Жер ананы жасыл етіп сақтайық»<br>**Міндеті:** Табиғаттың тұтастығы туралы ұғымдарын кеңейту. Жер әлеміне танымдық қызығушылығын арттыру. Табиғатқа қиянат жасамауға баулу, аяушылық сезімін тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Біз қазір неге ұқсап тұрмыз?<br>Күн бізге не үшін керек?<br>Күз мезгілінде ауа – райында қандай өзгерістер болады?<br>Қызығушылық ояту.<br>Жер – Ананың келуі,амандасу,әңгімелесу.<br>Балалар,сендер кім келгенін білдіңдер ме?<br>Жер – Ана,табиғат туралы түсінік беріп өту.<br>«Табиғатты аялайық» ойыны.<br>Шарты: әр бала табиғат түрлерін қағаз бетіне жапсырып,табиғат көрінісін бейнелейтін тыйым сөздерді айту керек.<br>«Адамдардың табиғатсыз | Ойын: «Көліктердің дыбысын ажырат»<br>**Шарты: қандай көліктің дауысы екенін табу.**<br>Дыбыстық жаттығулар:<br>Ө-ө-ө-ө-көөө-лік-көлік<br>І-і-і-і-лік-лік-көлік<br>Қ-қ-қ-қ-шақ-шақ-мынау- ұшақ.<br>Ұ-ұ-ұ-ұ-ұш-ұш-ұшақ ұшты.Ұшақ ұзақ ұшты.<br>**(қазақ тілі)**<br>Ойын: «Адасқан сандар»<br>Шарты: Сандарды ретімен қойып тура және кері санау.<br>Жұмыс дәптерімен орындау.<br>- Аңдар қандай түсті пішінді вагондарда отыр?<br>- Сандардың көршілерін ата.<br>- Аңдар нешінші вагонда отыр?<br>Вагонның қай жағында отыр?<br>Логикалық тапсырма:<br>Балабақшаның қасына қызыл түсті машина келіп тоқтады. Ақ түсті тағы машина келді.Барлығы қанша машина болды?<br>**(математика негіздері)** | Ойын: «Кім табады?»<br>Шарты: суретті дұрыс құрастыру арқылы қай жыл мезгілінің бейнесі екенін айтып береді.<br>**(құрастыру)**<br>Суретте қандай көрініс бейнеленген?<br>Күзді неге алтын,жомарт күз деп атайды?<br>Неге қараша айын қоңыр күз деп атайды?<br>Күз мезгілінің соңғы айын кім айтып береді?<br>Табиғат құбылыстарының дыбысын салу.<br>Жел,жаңбыр сөздерін айту арқылы «Ж» дыбысын анық айту.<br>Ж-әрпін ауада жазу.<br>Ж-әрпін бастырып жазу.<br>Ж-әрпі дауыссыз дыбыс. Ж әрпінің элементтерін жазып көрсету.<br>**(қазақ тілі)**<br>**«Қоғамдық мүлікті қорға!»**<br><br>**«Балабақша өз үйім»**<br>Әңгімелесу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | күні жоқ,<br>Табиғаттың мұны айтуға тілі жоқ» ұғымын түсіндіру.<br>Қорытынды.<br>Жер – Ананы,туған жердің табиғатын сақтау үшін не істей аламыз?<br>Балалармен бірлесіп,топқа гүл отырғызу. | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Сағыммен жеке жұмыс**<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттеуді, атап беруді үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)** | **Нұраймен жеке жұмыс**<br>Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>**(Коммуникативтік дағды)** | **Айсаямен жеке жұмыс**<br>Дербестік танытуды, киінуді, жуынуды үйрету.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** | **Ердоғанмен жеке жұмыс**<br>Жаңаны тануға,заттарды қызығып, қуанып зерттеуге қызығушылығын арттыру.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдылары)** | **Нұраймен жеке жұмыс**<br>Сурет салуда ұқыптылық танытуға, қауіпсіздікті сақтауға үйрету.<br>**(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)** |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Табиғатпен сырласу» ойыны.<br>Ойынның шарты: Балалардың арасынан жолбасшы тағайындау. Балалар шеңберге бірінің артынан бірі тұрып жолбасшының қимылын жасау.<br>Мұздан аттау,<br>Тауға өрмелеу,<br>Шаңғы тебу,<br>Ормандағы ағаш арасынан өту.<br>Ашық алаңға жетіп, қуанып жаттығуға кірісу.<br>**Дене тәрбиесі** | Доптың домалақ екенін, домалап бір жерде тұрмайтындығы туралы әңгімелесу.<br>Міндеті: Қойылған сұрақтарға дұрыс,толық жауап беруге баулу.<br>**Тіл дамыту** | «Бес саусақ» өлеңі.<br>Міндеті: Өлеңді тірек сызба арқылы жатқа айтуға үйрету арқылы санамақтар жаттау.<br>**Математика негіздері** | Жаңылтпаштар айту,жаттау.<br>Міндеті: Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін жаңылтпаштар айтқызу.<br>**Тіл дамыту** | Д/О: №15 «Көлік түрлері»<br>Міндеті: Үлгі суретке қарап, көліктерді дұрыс құрастыруға үйрету.<br>**(Құрастыру)** |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Құндылық – **Әділдік және жауапкершілік**

*Аптаның дәйек сөздері: «Әр істі жауапкершілікпен атқар!»*

**Білім беру ұйымы:»Көбелек» шағын орталық**
**Тобы:»Айналайын» ересек топ**
**Балалардың жасы: 4 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі:* 17.11 - 21.11.2025 жыл**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау.<br>Міндеті: Балалардың көңілін көтеру, демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгімеге тарту.<br>Әнұран айту.<br>**Тіл дамыту**<br>**Музыка**<br>**Күй қосу**<br>**Адал азамат** | Әсем әуенмен қарсы алу.<br>Міндеті: Балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау.<br>**Музыка**<br>**Күй қосу**<br>**Адал азамат** | «Ауа-райы туралы айтып бер».<br>Міндеті: Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету (жылы,салқын,жел,бұлтты т.б).<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Күй қосу**<br>**Адал азамат** | «Санамақ» ойыны.<br>Міндеті: ұйқастарын санау арқылы сандарды үйрету.<br>**Математика негіздері**<br>**Күй қосу**<br>**Адал азамат** | «Қимылды қайтала» жаттығуы.<br>Міндеті: Қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Күй қосу**<br>**Адал азамат** |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | **«Өнегелі 15 минут»**<br>Ата-аналармен баланың денсаулығы, қалай ұйықтап шыққандығы туралы әңгімелесу. | **«Өнегелі 15 минут»**<br>Ата-аналардан баланың көңіл күйін сұрау. | **«Өнегелі 15 минут»**<br>Ата-аналарға ертеңгілік жаттығудан кешіктірмей әкелуін ескерту. | **«Өнегелі 15 минут»**<br>Ата-аналарға балалардың киіну реттілігін үйде де қадағалап отыруларына өтініш білдіру. | **«Өнегелі 15 минут»**<br>Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Жануарлардың көлеңкесін тап!»<br>Міндеті: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың көлеңкесін дұрыс табуға үйрету. | «Көлік түрлері»<br>Міндеті: көлік түрлерін дұрыс орналастыру арқылы әңгімелеп беруге үйрету. | «Жалпы атауын ата»<br>Міндеті: суреттердің жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуге және әңгімелеп беруге үйрету. | «Жемістер,көгөністер және қасқыр»<br>Міндеті: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. | «Танып ал да, атын ата»<br>Міндеті: Заттың түр - түсін, пішінін, атын атау арқылы әңгімеге тарту. |
| Ертеңгілік жаттығу | Таңғы шеңбер.<br>«Денсаулық ол- шынықсаң»<br>Ертеңгілік жаттығу. | Шынығайық бәріміз.<br>«Шынықтыру жасап біз, мықты болып өсеміз»<br>Ертеңгілік жаттығу. | Көңілді шеңбер.<br>«Амандасайық»<br>Ертеңгілік жаттығу.<br>Қатарға бір- бірден сапқа | «Біз баламыз шыныққан»<br>Ертеңгілік жаттығу.<br>Орнымыздан баяу қалыпта жүру. | Таңертеңгілік шеңбер.<br>«Кел жарысайық»<br>Ертеңгілік жаттығу.<br>Қолды белге қойып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қарқынды өзгерте отырып белгі бойынша тоқтай жүру.<br>Ауысу, шеңбер бойымен жүгіру. | Омыртқа,мойынға арналған жаттығуларды 4-5 рет қайталау. | тұру.<br>Адымдап арақашықтықты сақтау және жүру. | Баяу қарқынмен тізені сәл бүгіп , өкшеден аяқтын ұшына қарай ауысу. | аяқтың ортасын сәл ашып, омыртқа мойынға арналған жаттығуларды орындату.<br>Музыкалық ырғақтық жаттығу. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Мозайка»<br>(үй жануарларының суреттері)<br>Міндеті: Үлгі суретке қарап,қиылған бөліктерден суреттің толық бейнесін құрастыруға үйрету.. | «Көліктер және олардың түрлері»<br>Міндеті: ауада,суда,жерде жүретін көліктердің суреттерінің бөліктерін шапшаң құрастыруға үйрету. | «Танып ал да, атын ата»<br>Міндеті: Заттың түр - түсін, пішінін, атын атау арқылы әңгімеге тарту. | «Көгөністер жемістер,жидектер»<br>Міндеті: Көгөністер, жемістер мен жидектерді ажырату.Адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. | «Қай мезгілде киеміз»<br>Міндеті: Балаларға киім түрлері қысқы киімдер,жазғы киімдер,аяқ киімдер туралы түсінік беру,әр жыл мезгіліне сәйкес киімдерді ажырата білуге үйрету.Киімді таза,ұқыпты, киюге тәрбиелеу. |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | **Дене тәрбиесі(таза ауада)**<br>**Міндеттері:** бір аяқпен жердің бетінен күшпен итерілу. «жыланша» жүріске және жүгіруге жаттықтыру, заттарды оң жақтан және сол жақтан айналып өту қабілетін жетілдіру. Қимылдарды саппен орындау қабілетін қалыптастыру. Қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтап, ырғақпен секіруге жаттықтыру (аяқтары бірге, аяқтарының арасын ашып).<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Жаттығуларды орындау.<br>1. «Таңғаламыз»<br>2. «Иық». Иықтармен | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері:** музыкалық сүйемелдеумен түрлі бағытта, әртүрлі ырғақпен қозғалу: ырғақпен жүру, жеңіл жүгіру. Тепе-теңдікті сақтауға жаттығу, басына қапшық қойып, жіпті бойлай жүру қабілетін нығайту және басты дұрыс ұстауға үйрету; әдемі жүруге дағдыландыру, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Бір орында айналып секіруге үйрету, айналу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру қабілетін жетілдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулу, қозғалыстың айқындығы мен баланың ой-қиялын дамыту.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Ойын түріндегі жаттығу:<br>«Қуыршақтар жүреді – қуыршақтар жүгіреді» – | **Міндеттері:** Сөздік қорды жаңа сөздермен байыту, олардың атқару қызметін ұғындыру. «Ы» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруді жалғастыру.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Ойын: «Көңілді доп»<br>Міндеті: Ыдыстардың атын атай білуге үйрету,жылдамдылыққа баулу.<br>Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, педагог ортаға тұрып, балаларға допты ақырын лақтырады. Оны қағып алған бала кез келген ыдыстың атын айту керек.<br>Ескерту: бірінің айтқанын бірі қайталамау керек. | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері:** қатар жатқан қос сызықтың ортасымен кең адымдап жүруге үйрету. Түрлі ырғақпен музыкаға сәйкес әртүрлі қозғалыстар жасау, ырғаққа сай жүру, қолдарын қозғалтып алға-артқа жеңіл жүгіру. Допты бір-біріне домалатуға жаттығу, допты қос қолдап серпіп итеру қабілетін қалыптастыру; көзбен мөлшерлеу, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Балалардың бойында қайырымдылық, дербестік, ойыншықтарды күтіп ұстау сынды қасиеттер қалыптастыру.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>Ойын түріндегі жаттығу:<br>«Бізге кім қонаққа келді?» – табанның сыртқы жағымен | **Міндеттері:** балаларға табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр туралы қарапайым түсінік беру. Маусымдық өзгерістерді дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:**<br>– Балалар, ауа туралы білгілерің келе ме? Біз немен тыныс аламыз (Ауамен). – Ауа қай жерде жүр қолмен ұстап көрейікші (балалар ұстауға әрекет жасайды). – Кәне, кім ауаны ұстап алды? (Балалар қолдарына қарап, ұстай алмағандарын айтады).<br>– Балалар, ауа бізге көрінбейді және ауаның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс істейміз, иығымызбен билейміз.<br>3. «Мұрынның бір жағымен дем алу»<br>Демді мұрынның бір жағымен ақырын, ұзақ уақыт шығарып, өкпені ауадан босатамыз және диафрагманы мүмкіндігінше жоғары көтереміз.<br>4. «Демді ұстау»<br>5. «Түтікше тәрізді ерін»<br>6. «Шамды үрлеу»<br>Жаттығуды орындаған кезде денені тік ұстау қажеттігін еске салу.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: 1.Екі аяқпен секіру – аяқтарды қосып, аяқтың арасын ашып, қолды бастан асырып шапалақтау – ырғақпен секіру, аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату (аяқтардың арасын ашқанда – қолды қапталға созамыз, аяқты қосқанда – шапалақтаймыз).<br>2.Жүру; заттар қатарын айналып жүгіру, заттардың арасымен «жыланша» жүру.<br><br>**Қимылды ойын: «Өз түсіңді тап!»**<br>Алаңның әр жеріне педагог әр түсті бір кегельден қойып шығады, балалардың | музыканың ырғағымен тізбекте бір-бірден жүреді, жүгіреді.<br>Балалардың арақашықтықтарын сақтау, ырғақпен музыкаға сай қозғалу, мұрын арқылы демалу қабілеттерін қалағалау.<br>Ритмикалық гимнастика.<br>Жаттығуларды музыканың ырғағымен орындау. Кешенді орындау барысында дене сымбатын бұзбай, денені тік ұстау.<br>Екі тізбекке тұру.<br>Негізгі қимыл -қозғалыстарды ойын түрінде орындау.<br>1.Тепе-теңдік – төбесіне құм толтырылған қапшық қойып, тігінен тасталған жіп бойымен жүру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Құлатпай алып өт» –** жіптерден жасалған қос сызықтың ортасымен әдемі жүріп өту қажет.<br>2.Өзін айналып бұрылып бір орында секіру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Секір-бұрыл».**<br>Бір қатардағы қуыршақтар музыканың ырғағымен секіреді, екінші қатар қол шапалақтап тұрады.<br>**Қазақ тілі**<br>Қоршаған ортадағы заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп, күнделікті өмірде қолдана білуге және жаңылтпаштарды айтуға | Жалпы асхана құралдарына не жатады?<br>- Қазан, таба, тарелке, шәйнек, қасық, шаңышқы т. б..<br>Ыдыс - аяқтың түрлері өте көп.<br>Олар өздері:<br>1. Тамақ жасауға арналған ыдыстар.<br>2. Тамақтануға арналған ыдыстар.<br>3. Тамақты сақтауға арналған ыдыстар болып бөлінеді.<br>- Қалай ойлайсыңдар тамақ жасауға арналған қандай ыдыстарды білесіңдер?<br>- Қазан, кастрөл, таба.<br>- Қандай тамақты қазанға жасауға болады?<br>- Ал табаға ше?<br>- Кастрөлге ше?<br>- Ал тамақтануға қандай ыдыстар жатады?<br>- Тәрелке, кесе, қасық, шаңышқы, табақ т. б.<br>**Жұмбақтар жасыру**<br>Беті дуылдап тұр,<br>Танауы шуылдап тұр.<br>(Шәйнек)<br>Аяғы жоқ, басы бар,<br>Іліп алған асы бар.<br>Тиген кезде қолыңа,<br>Аузыңа тез асығар.<br>(Қасық)<br>Тіл ұстарту жаттығуы:<br>Ыс-ыс-ыс<br>Болсын мол ы-рыс,<br>Болып қапты қыс.<br>Аман болсын ту-ыс,<br>Ыдыстарды жу-ыс. | жүру. Тізбекте бір-бірден музыканың ырғағымен жүру жаттығуларын кезекпен орындау (музыканың ырғағы мен характері әртүрлі, әр қонақ өзінше жүреді және әрқайсысының өз музыкасы бар)<br>Ритмдік гимнастика: жаттығуларды музыканың ырғағымен орындау.<br>Кешенді орындау барысында дене сымбатын бұзбай, денені тік ұстау.<br>Екі тізбекке тұрады. Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау. : «Жолмен жүріп өт». Нұсқау – ырғақпен, адымды барынша кеңірек ашып жүру қажет.<br>«Тізерлеп тұру» қалпында допты бір-біріне домалату.<br>Балалардың назарын допты қолмен екпінмен итеру қажеттігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтауға аудару.<br>**Ойын: «Секір-бұрыл».** Ойын тәртібін еске салу.<br>Балалардың жерге дұрыс түсуін қадағалау.<br>Ым-ишарамен жаттығу.<br>Қимылды ойын: «Кім шапшаң?»<br>Шарты: балаларды топқа бөлу.Допты алып кедергілер арасынан өтіп келесі балаға беру.<br>«Жемістер жыры» (өлең)<br>Рза Қунақова<br>Мақсаты: Өлеңді тыңдай біледі, қайталап айтады. | иісі жоқ екен. Алайда ауа көрінбесе де, онсыз біз тіршілік ете алмаймыз. Ауасыз өсімдіктер де, жануарлар да тіршілік ете алмайды. Ауаның бар екендігін қалай білуге болады.<br>– Су туралы сендер не білесіңдер?<br>Сендер жаңбыр туралы не білесіңдер? Жаңбыр қайдан, қалай жауады екен? (Аспаннан).<br>Жаңбырдың табиғат құбылысы екенін түсіндіру,теледидардан табиғат құбылыстарының бейнесін көрсету<br>**Қоршаған ортамен танысу** Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету,парақ бетінде бейнелеу.<br>**Сурет салу**<br>Қағаз бетіне орналасқан бұлттың бейнесіне ермексаз (көк) жағу, жаңбырды мүсінін ермексаздан мүсіндеу және суретін құрастыру.<br>**Мүсіндеу, құрастыру**<br>Жау-жау, жаңбыр, жау, жаңбыр.<br>Жауған жаңбыр – жауған нұр, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір тобы қызыл түсті кегельдерді айнала, екіншісі – жасыл түсті кегельдерді айнала тұрады. Педагогтің «Серуендеуге!» деген белгісі бойынша барлығы бүкіл алаңмен түрлі бағытта жүгіреді.<br>Келесі: «Өз түсіңді тап!» деген белгі бойынша балалар өз кегельдерін табуға тырысып, өз орындарына жүгіреді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аю,аю тұршы»**<br>Міндеті: Ойынды музыка әуенімен ойнау арқылы балалардың қимылдарды дұрыс орындауын қадағалау.<br>Үй жануарлары туралы бастапқы түсінік қалыптастыру, үй жануарларымен таныстыру.<br>Дидактикалық ойын: «Мекенін тап»<br>Міндеті: үй және жабайы жануарлар,құстар мен жәндіктердің қайда мекендейтіні туралы түсіндіру.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Балалар үй жануарлары қайда мекендейді?<br>Үйде.<br>- Үй қандай бөліктерден тұрады?<br>- Шатыр, есік, терезе, | үйрету.<br>Сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?<br>Көлік дегеніміз не?<br>Көліктің қандай түрлері бар?<br>- Көліктерге не жатады?<br>Көліктердің қандай пайдасы бар?<br>Ойыншықтарды көрсету арқылы көлік түрлерінің атын сұрау.<br>Дыбыстық жаттығулар:Кө -кө -кө-көлік.<br>Шақ-шақ-шақ-мынау-ұшақ.<br>Ұш-ұш-ұш-ұшақ ұшты.<br>Ұшақ ұзақ ұшты.<br>Жаңылпашмен таныстыру.<br>Ұшып кетті үш құс.<br>Ұшып келді ұшқыш.<br>Ойын: «Дұрыс па,бұрыс па?»<br>Міндеті: сөйлемнің дұрыстығын анықтау.<br>(Мысалы: Машина-көлік,ұшақ-көлік,жылқы-көлік т.б)<br>**Тіл дамыту**<br>Түрлеріне қарай көліктерді ажырату. Көліктердің түстерін ажырату.<br>**Математика негіздері** Үлкен болып өскенде, Машина алам менде.<br>Бірақ ол үшін әрине,<br>Оқу керек күнде.<br>Көліктер туралы теледидардан көрстеу **Көркем әдебиет**<br>«Көңілді көліктер»<br>Балалар көліктердің өзі төртке бөлінеді:<br>Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ, зымыран.<br>Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық. | («Ы» дыбысының дауысты дыбыс екендігін айту.)<br>**Тіл дамыту**, **қазақ тілі**<br>Балалар үстелдің үстінде әр түрлі ыдыстар тұр.<br>-Мынау не?<br>-Кесенің түсі қандай?<br>-Мынау не?<br>-Шәйнектің түсі қандай?<br>Мынау не?<br>Табақтың түсі қандай?<br>Неше кесе,неше қасық көріп тұрсыңдар?<br>Кесе көп пе,қасық көп пе?<br>**Математика негіздері**<br>Ыдыстарды ұқыпты ұстау керек,өйткені ол тез сынады. Сынған ыдыстың ұшы өте үшкір болады.<br>Қолдарыңды жаралап алуларың мүмкін.<br>Сондықтан, балалар, ыдыстарды сындырып алмау үшін,үстел үстінен алған кезде екі қолмен абайлап алу керек.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Музыка** –Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен таныс әуендерді ойнау.<br>Ән тыңдау:«Бұл не?»<br>Ән айту:«Балдаурен» Б.Досымбаев<br>Аспапта ойнау:«Ағаш қасықтармен ойнау»<br>Музыкалық -ырғақты қимыл: «Қара жорға»<br>Ойын: «Аюды ояту»<br>Шарты: Балалар сылдырмақ аспабын ұстап алып шеңбер бойымен айналып жүреді. | Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атайды. **Көркем әдебиет** «Жемістер натюрморты»<br>Мақсаты:Балалар натюрморт туралы түсінеді.<br>Қиынды суреттерден өздеріне таныс жемістер натюрмортын құрастырады.<br>**Құрастыру**<br>«Ыдыстағы көгөніс»<br>Мақсаты: Дөңгелектің ішіне кішкентай көлемді сопақша пішіндерді орналастыра біледі. **Жапсыру**<br>Трафареттің көмегімен алманы парақ бетіне дұрыс түсіре алады. **Сурет салу** | Жердің шаңы басылсын,<br>Гүлдің аузы ашылсын.<br>Еккен егін көктесін<br>Бізге нанды көп берсін<br>Жау, жау!<br>Гүлденсін бау!<br>Жаңбырдың астында тұруға бола ма?<br>Жаңбырлы күні қалай киінеміз?<br>**Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйдің қабырғасынан тұрады?<br>- Үй бөліктері қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?<br>- Төбесі ұшбұрышқа, есігі, терезесі және қабырғалары тік төртбұрышқа ұқсайды екен.<br>Қазір сендермен үй түстеріне қарай үй құрастырамыз.<br>**Математика негіздері,құрастыру**<br>Енді осы үйдің әр бөлігінде жұмбақ бар екен.<br>Адамға серік<br>Күзетке берік<br>( Ит)<br>Кішкене ғана бойы бар<br>Айналдыра киген тоны бар. (Қой)<br>Ит,қой жылқы,сиыр бәрін бір ауыз сөзбен үй жануарлары дейміз **Тіл дамыту**<br>«Не қандай дыбыс шығарады?»<br>Мақсаты: Теледидардан дыбыстарын тыңдату арқылы ненің қалай дыбыстайтынын табу.<br>Дидактикалық ойын: «Кім солай сөйлейді?»<br>Шарты: Ойынға барлық бала қатысады.Балалар шеңберге тұрады,ортасында доппен тәрбиеші тұрады. Балаларға доп | Темір жол көліктері – Поездь.<br>Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен.<br>Олар жеңіл және ауыр көліктер.<br>Мысалы автобус,жедел жәрдем көлігі, жүк көлігі, өрт сөндіру көлігі т.б.<br>Ойын: «Жеңіл,ауыр»<br>Шарты: Ойын ойыншықтармен орындалады<br>Міндеті: жеңіл көліктер мен ауыр көліктерді топтастыру.<br>**Қоршаған ортамен танысу** | Бір топ болған баламыз,<br>Орманға біз барамыз,<br>Аюларды оятып<br>Сылдырмақты соғамыз.<br>Тақпақты айтып болып бір бұрышта ұйықтап жатқан аюға жақындап сылдырмақтарын қатты соға бастайды, аю оянып ұйқысын ашу үшін балалардан бірге ән айтуларын немес би билеулерін өтінеді.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды.Әнді топпен бірге бастап,бірге аяқтайды. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтырып бір жануарды атайды. Бала допты қағып алып, сол жануардың дауысын салады немесе допты лақтырып: «Ит қалай үреді көрсетші»<br>Міндеті: Жан - жануарлардың дыбысын үйрету.<br>А) Малды теппе,<br>Ақты төкпе.<br>Ә) Малды басынан ұрма.<br>Б) Малды теріс мінбе<br>**Көркем әдебиет**<br>**Музыка** – Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен таныс<br>әуендерді ойнау.<br>Ән тыңдау:«Бұл не?»<br>Ән айту:«Балдаурен» Б.Досымбаев<br>Аспапта ойнау:«Ағаш қасықтармен ойнау»<br>Музыкалық -ырғақты қимыл: «Қара жорға»<br>Ойын: «Аюды ояту»<br>Шарты:Балалар сылдырмақ аспабын ұстап алып шеңбер бойымен айналып жүреді.<br>Бір топ болған баламыз,<br>Орманға біз барамыз,<br>Аюларды оятып<br>Сылдырмақты соғамыз.<br>Тақпақты айтып болып бір бұрышта ұйықтап жатқан аюға жақындап сылдырмақтарын қатты соға бастайды, аю оянып | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйқысын ашу үшін балалардан бірге ән айтуларын немесе би билеулерін өтінеді.<br>Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды.Әнді топпен бірге бастап,бірге аяқтайды | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. |
